

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі
М.С. Нарикбаев атындағы КАЗГЮУ Университеті



KAZGUU
LAW SCHOOL

БИМАГАМБЕТОВА БИБИЗЕЙНЕП ДОСТАНОВНА

Азаматтық процестегі цифрлік технологияларды қолдану

«Құқықтану» - 7М04211
білім беру бағдарламасы

**Заң ғылымдарының магистрі академиялық дәрежесін алуға
арналған магистрлік диссертация**

Нұр-Сұлтан, 2021 жыл

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі
М.С. Нарикбаев атындағы КАЗГЮУ Университеті

«Қорғауға жіберілді»
Бағдарлама жетекшісімен

«__» _____ 2021 год

МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ

Тақырыбы: Азаматтық процестегі цифрлік технологияларды қолдану

«Құқықтану» - 7М04211
білім беру бағдарламасы

Орындаған: _____ **Бимагамбетова Бибизейнеп Достановна**
КОЛЫ

Ғылыми жетекші: _____ **з.ғ.д. Идрышева Сара Кимадиевна**
КОЛЫ

Нұр-Сұлтан, 2021 жыл

БЕКІТЕМІН
Бағдарлама жетекшісі/координаторы

«__» _____ 20__ ж.

Магистрлік диссертацияны дайындаудың күнтізбелік жоспары

Жоба кезеңдерінің атауы	Мерзімі	Жобаның кезеңдерін іске асыру туралы белгі			
		Нақты орындау мерзімі	Жобаның орындалған кезеңінің дайындық дәрежесі	Магистранттың қолы	Ғылыми жетекшінің қолы
Әдебиеттер мен тәжірибелік материалдарға шолу жасау	1.10.19 20.11.19	1.10.2019 20.11.2019	жасалды		
Зерттеу әдістерін дайындау	10.11.19 20.11.19	10.11.2019 20.11.2019	дайындалды		
Деректерді жинау және өңдеу	20.11.19 30.11.20	20.11.2019 30.11.2020	өңделді		
Алынған нәтижелерді талдау және түсіндіру	1.12.2020 1.01.2021	1.12.2020 1.01.2021	талданды		
Жоба бойынша ұсынымдар әзірлеу	1.01.2021 1.02.2021	1.01.2020 1.02.2020	әзірленді		
Кіріспе мен қорытынды дайындау	01.03.21 20.03.21	01.03.2021 20.03.2021	дайындалды		
Диссертацияны ресімдеу: 1 тарауын дайындау	20.03.20 31.03.20	20.03.2020 31.03.2020	дайындалды		
2 тарауын дайындау	1.04.20 20.04.20	1.04.2020 20.04.2020	дайындалды		

Ғылыми жетекшінің пікірін алу	25.04.21	25.04.2021	алынды		
Баяндама, көрнекі құралдар мен презентациялар дайындау	20.04.21 10.05.21	20.04.2021 10.05.2021			
Магистрлік диссертацияларды (жобаны) қорғау	25.05.21	25.05.2021			

Магистрлік диссертацияның (жобаның) ғылыми жетекшісі

(Аты-жөні, лауазымы, қолы)

Жоспар орындауға қабылданды:

(магистранттың аты-жөні, қолы)

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	2
I ЦИФРЛІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ПРОЦЕСКЕ ҚАТЫСУ МҮМКІНДІГІ	10
1.1. Аудио және бейне байланыс құралдары, олардың азаматтық процестегі мүмкіншіліктері мен тиімділіктері	10
1.2. Цифрлік технологияларды азаматтық процесте қолдану шектері	17
1.3. Шетелдік сот тәжірибесінде цифрлік технологияларды пайдалану көріністері	19
I ТАРАУ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ	23
II ДӘЛЕЛДЕУДІҢ ЖАҢА ҚҰРАЛДАРЫ – ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚҰЖАТТАР	25
2.1. Электрондық құжат түсінігі және оның түрлері	25
2.2. Электрондық құжаттарды процесуалдық рәсімдеу бойынша туындайтын мәселелер	29
2.3. Электрондық құжаттарды процесуалдық рәсімдеудің шетелдік үздік тәжірибелері	34
II ТАРАУ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ	40
ҚОРЫТЫНДЫ	42
ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	44
ҚОСЫМША 1	48
ҚОСЫМША 2	51

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қоғам өмірінің барлық салаларындағы болашақ прогресс цифрлық технологиялардың дамуымен тікелей байланысты. Цифрлық технологиялардың мүмкіндіктері шексіз: жоғары жылдамдық пен қолданудың әмбебаптығы және ақпараттың үлкен көлеміне қол жеткізу мүмкіндігі оларды өте тиімді етеді. Кез-келген интернет пайдаланушысы бірнеше минут ішінде өзіне қажет ақпаратты, жаңалықты таба алады. Басқа сөзбен айтқанда, цифрлік технологиялар бұл салыстырмалы түрде қысқа уақыт аралығында әртүрлі мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін ақпараттық деректерді кодтау және тарату әдістеріне негізделген дискретті жүйе¹. Бизнес және өнеркәсіптік өндіріс саласында, күнделікті өмірлік қажеттіліктері үшін, сот қызметінде, т.с.с. жаңа технологиялық жетістіктер қолданылады.

Digital – цифрлік термині латын тілінде «саусақ» дегенді білдіретін «digitus» сөзінен шыққан². Адамдар ұзақ уақыт бойы сандарды саусақтарымен санағандықтан, ондық санау жүйесі негіз болды. Саусақтармен тек бүтін сандарды санауға болатындықтан, «цифрлік» термині дискретті мәндер аймағында жұмыс істейтін құрылғыны белгілеу үшін қолданылады³.

Аналогты жүйемен салыстырғанда цифрлік технологиялардың басты артықшылығы – сигналды бұрмалаусыз беру мүмкіндігі⁴. Мысалы, егер дыбыстық файл нөлдер мен бірліктер жиынтығы түрінде берілсе, және тарату кезінде шу деңгейі белгілі шектен төмен болса, ақпарат бұрмаланбай қабылданады⁵. Бір сағаттық музыкалық шығарма орнатылған музыкалық файлды сақтау үшін шамамен алты миллиард екілік код қажет болады. Кедергілерге төзімділіктің жоғарылауы ақпаратты қатесіз сақтауға және оқуға мүмкіндік береді. Аналогтық жүйелерде жабдық(мысалы, қатты дискі) уақыт өте келе ескіріп, деректердің кейбір бөліктеріне зақым келтіруі мүмкін. Сонымен қатар, цифрлік жүйелер негізінде жасалған құрылғыларды арнайы бағдарламалардың көмегімен басқаруға, яғни қайта жабдықтамай кеңейтуге болады (мысалы, жаңа функцияларды қосу). Әдетте бұл бағдарламалық жасақтаманы (микробағдарламаны) жаңарту арқылы іске асады. Бұл құрылғыны жағдайдың өзгеруіне қарай жай ғана

¹ Справочник «Автор 24»

https://spravochnik.ru/informacionnye_tehnologii/cifrovye_tehnologii/ Қаралды 22.03.2021 ж.

² Сол жерде

³ Сол жерде

⁴ Сол жерде

⁵ Сол жерде

бейімдеуге мүмкіндік береді. Ал аналогтық жүйелер үшін мұндай күрделі алгоритмдерді қолдану іске асырудың мүмкін еместігінен немесе іске асырудың қымбаттығына байланысты мүмкіндік бермейді⁶. Осы диссертациялық жұмыс аясында қарастырылатын технологиялық байланыс құралдары мен электрондық құжаттардың нысандары осы цифрлік технологиялардың бір бөлігі болып табылады.

Жаһандық тәртіпке түбегейлі өзгерістер енгізуге қабілетті цифрлік технологияларды дамыту және енгізу бойынша индустриялық дамыған мемлекеттер ірі ұлттық бастамалар жүргізуде⁷. Қазақстан жаһандық коммуникациялардың біріктірілген жүйелеріне негізделген жаңа технологиялық ортаның ажырамас бөлігі болуға тиіс. Осы мақсатта Қазақстанның алдына жаңа инновациялық даму мен жедел технологиялық жаңартуды талап ететін әлемнің ең дамыған 30 елдің қатарына кіру міндеті қойылды⁸. 2017 жылғы Елбасының Қазақстан халқына Жолдауындағы Үшінші жаңғыртудың негізгі мақсаты – цифрландыру болып табылады. «Цифрлік Қазақстан» бағдарламасы негізінде іске асқан электрондық мемлекет концепциясы мемлекеттік билік тармақтарының – электрондық үкімет және электрондық соттың қалыптасуына негіз болды. Іс жүзінде еліміз жасанды интеллект технологиясына негізделген жаңа мемлекеттік және қоғамдық құрылымды қалыптастыру алдында тұр.

Цифрлік технологиялардың қарқынды дамуы және қоғамның талаптары сот ісін жүргізуде аталған технологияларды енгізу қажет екенін көрсетті. Сот қызметіне цифрлік технологияларды енгізу соттардың қызметін жеңілдетіп қана қоймай, қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Бұған дәлел мемлекеттік бағдарлама аясында жүзеге асырылған: «сот кабинеті»; «сот құжаттарымен танысу», «сот шақыру қағазы» сервистері; электрондық сот отырыстары. 2016 жылдың шілде айында «Сот кабинеті» сервисі арқылы 390 698 талап арыз жолданды, бұл барлық келіп түскен талап арыздырдың 75,4%-ын құрады⁹. 2018 жылы еліміздегі барлық сот залдары 100% бейнеконференц байланыс құралдарымен жабдықталған¹⁰. Бұл – істерді

⁶ Сол жерде

⁷ Следующий властелин мира. Искусственный интеллект / К.К. Масимов — «ЛитРес: Самиздат», 2019. С. 93-94.

⁸ Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 2014 жыл (http://www.akorda.kz/kz/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/memleket-bashshysy-nursultan-nazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy)

⁹ Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының сайты// <http://sud.gov.kz> (Басты бет «Баспасөз орталығы» Жаңалықтар) (<http://sud.gov.kz/kaz/news/bugin-okk-de-sottardagy-zhana-akparattyk-tehnologiyalar-zhne-sot-procesine-katysushylar>) Қаралды: [11.11.2019.](http://11.11.2019)

¹⁰ Сол жерде

қашықтықтан қарауға мүмкіндік беріп, істерді қарау мерзімі мен шығындарын қысқартты.

Сонымен қатар, вирустың таралуын алдын алу мақсатында қашықтықтан жұмыс істеу нысанына көшуге себеп болған пандемия өз кезегінде сот қызметінің қарқынды цифрлануына себеп болды. 2020 жылғы 30 қазанда Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына (әрі қарай –ШЫҰ) мүше мемлекеттердің Жоғарғы Сот төрағаларының XV кеңесінде әлемдегі болып жатқан пандемияға байланысты сот жүйесінің цифрлануы, онлайн сотқа көшу маңыздылығы және соған сай құқық қолдану тетіктерін әзірлеу мәселелері талқыланды. Бұл тақырыптың әлемдік деңгейдегі өзектілігін көрсетеді.

Цифрлік технологияларды азаматтық процесте қолданудың ережелері, шектерінің болмауы, яғни құқықтық реттелмеуі, іске қатысушы тараптардың құқықтарының тиісті дәрежеде қорғалмауына, сот тәжірибесінің әртүрлі қалыптасуына себеп болып отыр.

ҚР АПК-ның 133-1 бабында судья тараптардың пікірін және техникалық мүмкіндіктерді ескере отырып, сот азаматтық іс жүргізу форматын анықтайды делінген. Заң шығарушы судьяның тараптардың пікірін қалай ескеретіндігін ашып жазбаған, бұл бейнеконференцбайланысты қолдану соттың субъективті қалауына байланысты екендігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар бейнеконференцбайланыс арқылы іске қатысуға рұқсат етілмейтін жағдайларда тараптардың өтініштерін қанағаттандыру керек пе?

Заман талабына сай күнделікті қарым-қатынастар интернет желісінде туындап жатады, мәмілелер көп жағдайда электронды түрде жасалады. Осындай мәмілелерден дау туындаған кезде сотқа дәлелдеме ретінде электронды құжаттарды ұсыну мәселесі туындайды. Алайда азаматтық сот ісін жүргізу заңнамасы бізге бұл құжаттарды рәсімдеу тәртібін көрсетпейді. Осы жағдайда судья қалай әрекет ету керек деген сауалдар жауапсыз қалуда. Ал интернет желісінде бұзылған авторлық құқықты дәлелдеу кезінде, жарияланған жазбаны құқық бұзушы өшіріп тастамас үшін дереу скриншот немесе бейнежеткізгішке түсіру қажеттігі туындайды. Электронды жасалған барлық дәлелдемелердің бұрмалану қаупі жоғары екенін ескерсек, жоғарыда аталған мәселе кезек күттірмей шешілу тиіс. Әсіресе мұндай даулар тәжірибеде авторлық, патенттік құқықтарды және ар-намыс пен абыройды қорғауға байланысты туындайды. Көп жағдайда судьялар тараптардың дәлелдеме ретінде ұсынған скриншоттарды дәлелдеме ретінде қабылдамайды немесе жеткіліксіз деп таниды.

Зерттеу жұмысының **мақсаты** азаматтық сот ісінде қолданылатын цифрлік технология құралдарын қолданудың құқықтық реттелуін зерттеу, қолданыстағы заңнаманы және қалыптасқан тәжірибені талдау негізінде

құқықтық қатынастардың барлық қатысушыларының ақпараттық технологияларды пайдалану кезінде мүмкіндіктердің теңдігін қамтамасыз ету, әділеттілікті орнату және оларды сот процесіне одан әрі енгізу үшін техникалық жетістіктерді ресімдейтін *анық және әмбебап*, нормативтік негіздерді қалыптастыру болып табылады.

Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін зерттеу жұмысының алдына төмендегідей **міндеттер** қойылды:

- цифрлік және аналогтік технологияларды ажыратып, олардың арақатынасын анықтау;
- соттардың цифрлік технологиялармен жабдықталу деңгейін айқындау;
- техникалық байланыс құралдары арқылы іске қатысудың құқықтық реттелуін талдау;
- дәлелдесудің жаңа құралы – электрондық құжаттардың түрлерін және олардың процесік құқықтық реттелуінің деңгейін анықтау;
- электрондық құжаттардың процесуалдық рәсімін анықтау;
- электрондық құжаттарды дәлелдеме ретінде қабылдауға қатысты сот тәжірибесін зерделеу;
- шетелдік тәжірибені зерттеу.

Зерттеу жұмысының объектісі азаматтық процесте цифрлік технологияларды қолдану кезінде туындайтын қоғамдық қатынастар.

Зерттеу жұмысының пәні сот ісін жүргізуде қолданылатын цифрлік технологияларды қолдануды құқықтық реттеу барысында туындайтын мәселелер, атап айтқанда қолданыстағы заңнаманың кемшіл тұстарын айқындау болып табылады.

Тақырыптың ғылыми зерттелу деңгейі.

Құқықтық ғылым саласында азаматтық процестегі цифрлік технологиялар, электрондық дәлелдеме және сот ісіне бейне-аудио тіркеу құралдары арқылы қашықтықтан қатысу мәселелері туралы отандық іргелі ғылыми еңбектер әлі күнге дейін жазылмаған. Өсіресе қазақ тілінде осы тақырып бойынша жарыққа шыққан ғылыми жұмыстар өте аз. Осы тұрғыда біздің еңбегіміз – цифрлік технологиялардың азаматтық процесте қолданудың құқықтық реттелуі мен тәжірибесін талдауға арналған алғашқы отандық диссертациялық зерттеу жұмысы болып табылады.

«Цифрлік Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасына сай сот қызметін цифрландыру жұмыстары жүргізілуде. Алайда сот процесіне енгізіліп жатқан цифрлік технологияларды қолдануды құқықтық реттеу тетігі қалыптаспаған. Атап айтқанда бейнеконференцбайланыс құралы арқылы іске қатысудың қағидалары жөнінде ҚР Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты аппаратының) басшысының 2019 жылғы 15

қазандағы № 7 «Сот отырысына қатысуды қамтамасыз ететін техникалық байланыс құралдарын қолдану қағидаларын және оларға қойылатын талаптарды бекіту туралы»¹¹ бұйрығы(әрі қарай Ереже) талқылауды және толықтыруды қажет етеді.

Сонымен қатар электрондық құжаттарды дәлелдеме деп тану және процесік рәсімдеу тәртібі ҚР АПК-де мүлде қарастырылмаған. Бұл мәселелердің барлығы құқықтық тұрғыдан реттелмегендігін дәлелдеп, тақырыптың өзектілігін айқындайды.

Зерттеу жұмысының теориялық базасы. Зерттеу жұмысын жүргізу барысында жеке құқық саласындағы отандық еңбектердің ішінен және шетелдік авторлардың еңбектері және шетелдік заңнама мен сот тәжірибесі мейлінше көп зерделенді. Құқықтық ғылым саласында да азаматтық процесітегі цифрлік технологиялар, электрондық дәлелдеме және сот ісіне бейне аудио тіркеу құралдары арқылы қашықтықтан қатысу мәселелері туралы іргелі ғылыми еңбектер әлі күнге дейін жазылмаған. Әсіресе қазақ тілінде осы тақырып бойынша жарыққа шыққан ғылыми жұмыстар өте аз, оның ішінде К.Ж.Жетібаев, С.К.Идрышева, Ф.С.Карагусовтың, М.К.Сулейменовтың еңбектері алынды. Азаматтық процесітегі цифрлік технологияларды қолданудың кейбір мәселелеріне қатысты Ресей зерттеушілерінің А.В.Аносов, А.Т.Боннер, А.П.Вершинин, И.Ю.Вострикова, М.В.Горелых, Е.В.Зайченко, Я.А.Карев, И.Н.Лукьянова, В.И.Решетняк, Е.С.Смагина, Н.Н.Федосеева, А.А.Юрловскаяның еңбектері сараланды.

Зерттеу жұмысының нормативтік құқықтық негізін ҚР Конституциясы, ҚР Азаматтық кодексі(жалпы бөлім), ҚР Азаматтық процесік кодексі (жалпы және ерекше бөлімдері), ҚР Нотариат туралы Заңы, ҚР «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба» туралы Заңы, 2019 жылдың 2 сәуір айында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнес-ортаны дамыту және сауда қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңы, «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысы, «Сот отырысына қатысуды қамтамасыз ететін техникалық байланыс құралдарын қолдану қағидалары мен оларға қойылатын талаптарды бекіту туралы» ҚР Жоғарғы Соты аппараты басшысының 2019 жылғы 15 қазандағы № 7 бұйрығы және өзге де заңнамалық актілер құрады.

¹¹ «Сот отырысына қатысуды қамтамасыз ететін техникалық байланыс құралдарын қолдану қағидаларын және оларға қойылатын талаптарды бекіту туралы» ҚР Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты аппаратының) басшысының 2019 жылғы 15 қазандағы № 7

2019 жылы 30 қаңтарда Еуропа мемлекеттері министрлер орынбасарларының 1335 отырысында Еуропа Кеңесі Министрлер комитеті (әрі қарай - ЕКМК) «Азаматтық және әкімшілік сот ісін жүргізудегі электрондық дәлелдемелер бойынша нұсқаулық» қабылдады¹². Нұсқаулық азаматтық процестегі цифрлік технологияларды құқықтық реттеуде заман талабына сай әрі икемді болғандықтан зерттелді.

Шет мемлекеттердің ішінен Австралия, Канада, Қытай мемлекеттерінің құқықтық реттеу механизмдері қарастырылды.

Зерттеу жұмысының алдына қойылған мақсат пен міндеттерге қол жеткізу үшін бақылау, талдау, жүйелеу, жіктеу, құқықтық модельдеу, салыстырмалы-құқықтық талдау **әдістері** кеңінен қолданылды. Атап айтқанда, сот отырысында цифрлік технологияларды қолдану, оның ішінде бейнеконференцбайланыс жүйесін қолдану қаншалықты тиімді, және қаншалықты құқықтық реттелгендігін бақылау үшін Алматы аудандық сотында зерттеу тәжірибесі жүргізілді. Электрондық құжаттарды дәлелдеме деп тануға қатысты отандық, шетелдік сот тәжірибесіне талдау жүргізілді. Зерттеу тәжірибесінде алынған ақпарат пен сот шешімдерін жүйелеп, шетелдік сот тәжірибесі мен заңнамаға салыстырмалы құқықтық талдау жүргізілді. Бейнеконференцбайланыс жүйесін қолдануға қатысты кейбір мәселелер, атап айтқанда техникалық мүмкіндіктің болмауына, байланыстың тұрақсыздығына қатысты манипуляция жасау арқылы сот процесін жасанды созу, кейінге қалдыру; тараптардың техникалық байланыс құралдарын пайдалануға қатысты қарама-қайшы өтініштердің болу жағдайлары құқықтық модельдеу әдісі арқылы қаралды.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы. Зерттеу жұмысында азаматтық процесте цифрлік технологияларды қолданудың өзекті мәселелері отандық жеке құқық саласында, оның ішінде процестік құқықта ғылыми әдістер негізінде талданып, зерттеу нәтижесін құқықтық айналым қатысушыларының қолданысына ұсыну жұмыстың ғылыми жаңалығын көрсетеді деп пайымдаймыз. Атап айтқанда, диссертацияда:

- сот ісін жүргізу форматын анықтау кезінде сот тараптардың пікірін ескерген кезде қандай жағдайларды басшылыққа алу керектігі ұсынылды;
- электрондық құжаттарды процесуалдық рәсімдеуге қатысты нақты ұсыныстар әзірленді;
- сот процесінде қаралып жатқан іс бойынша дәлелдемені нотариуспен қамтамасыз ету қажеттілігі дәлелденді;

¹² Guidelines of the Committee of Ministers of the Council of Europe on electronic evidence in civil and administrative proceedings Explanatory Memorandum https://search.coe.int/cm/Pages/result_details.aspx?ObjectId=0900001680902e0e
Қаралды (06.02.2020)

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. Қазіргі күні интернет желісінде цифрлік технологиялардың көмегімен түрлі қарым қатынастар (мәміле жасау, жұмыс орындау, қызмет көрсету) орын алып жатыр. Сонымен қатар бір уақытта интернет желісінде құқық бұзушылық әрекеттер де көбеюде. Атап айтсақ ар-намыс, іскерлік беделге нұқсан келтіру, авторлық құқықты бұзу әрекеттері жиі орын алып жатыр: автор еңбегін рұқсатсыз интернетте орналастыру – жария ету; мүліктік пайда табу мақсатында жария ету; өзге автордың еңбегін өзінің атымен рұқсатсыз жария ету, т.б. Осы кезде қоғамдық қатынастың орын алғандығын дәлелдеу үшін сотқа тиісті дәлелдемелерді ұсыну қажеттігі туындайды. Ал процесілік кодексте электрондық құжаттарды процесуалдық рәсімдеу тәртібі көзделмеген. Мысалы, веб-сайтта еңбектері заңсыз орналастырылған, құқықтық білімі жоқ авторлар көп жағдайда экран бетін жай ғана басып шығарып, дәлелдеме ретінде сотқа ұсынып жатады. Алайда сот мұндай дәлелдемелерді қабылдамайды, не жеткіліксіз деп таниды. Қалыптасқан тәжірибе бойынша сот скриншотта веб-беттің басып шығарылған орны мен күні; мүдделі тұлғалар туралы деректер; жасаған іс-әрекеттердің кезектілігі, оның ішінде қарап тексеру жүргізілген компьютерлік құрылғының сипаттамасы; тексерілген беттердің сипаттамасы (электрондық ресурстың атауы, ресурстағы ақпараттың мазмұны мен көлемі, автор және туындысы туралы мәліметтер, т.б. туралы деректер); дәлелдемелердің құрамы, оларды бекіту тәсілдері (скриншот, фото, мәтінді көшіру, бейнежазба және т.б.) туралы реквизиттердің болуын талап етеді. Осыған байланысты автормен электрондық құжаттарды процесуалдық рәсімдеудің құқықтық тетігі ұсынылады.

2. Сот отырысына қатысуды қамтамасыз ететін техникалық байланыс құралдарын қолдану ережелеріне сәйкес техникалық байланыс құралдарын пайдаланып сот отырысын өткізу іс қаралатын сотта, сондай-ақ өтінішхатта көрсетілген сотта немесе мекемеде техникалық мүмкіндік болған жағдайда соттың бастамасымен немесе процеске қатысушының өтінішхаты бойынша жүзеге асырылады¹³. Алайда тараптардың өтініші қандай жағдайларда қанағаттандырылып, және қай кезде ескерусіз қалу керек жағдайлары ашық жазылмаған (Ережеде тек жабық сот отырысы кезінде қолданылмайтындығы келтіріледі, ал АПК да мүлде жазылмаған).

Сонымен қатар, елдегі нашар инфрақұрылым, сапалы интернетке қолжетіспеушілікті ескерсек, тараптардың бірінің екінші тараптың

¹³ «Сот отырысына қатысуды қамтамасыз ететін техникалық байланыс құралдарын қолдану қағидаларын және оларға қойылатын талаптарды бекіту туралы» ҚР Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты аппаратының) басшысының 2019 жылғы 15 қазандағы № 7

техникалық байланыс мүмкіндіктерін қамтамасыз ету туралы өтініші сот шығыстарын(уақыт, қаражат, т.б.) қысқартады және техникалық мүмкіндіктің болмауына, байланыстың тұрақсыздығына қатысты манипуляция жасау арқылы сот процесін жасанды созу, кейінге қалдыруды алдын алады. Конституциямен бекітілген заң мен сот алдындағы теңдік пен әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғалуына құқығы барын ескеріп, мүгедек адамдардың сотқа қашықтықтан қатысу мүмкіндігін қамтамасыз ету керек. Сондықтан автор техникалық байланыс құралдарын қолдануға қатысты тараптардың өтініштері келіп түскен кезде қандай жағдайларды ескеруі қажет екендігін ұсынады.

3. Жоғарыда келтірілген мысал бойынша автор нотариусқа дәлелдемені қамтамасыз ету өтінішімен жүгінген жағдайда, мұндай өтінішті нотариус Нотариат туралы заңның 98 бап 2 тармағына сәйкес қабылдамайды. Жойылып кету қауіпі бар дәлелдемелерді ескерсек, нотариус сот процесінде қаралып жатқан іс бойынша дәлелдемелерді қамтамасыз етуі тиіс. Осыған байланысты автормен Нотариат туралы заңға тиісті өзгерістер енгізу ұсынылады.

Зерттеу жұмысының теориялық құндылығы.

Зерттеу құндылығын азаматтық процестік заңнама мен сот тәжірибесін жетілдірудегі ұсынылатын заң жобасы қуаттайды.

Зерттеу жұмысының тәжірибелік құндылығы.

Зерттеу жұмысының нәтижелерін «Азаматтық процестік құқық» пәні бойынша жоғары оқу орындарының студенттеріне сабақ беру барысында қолдануға болады. Сонымен қатар тараптарға электрондық құжаттарды сотқа ұсыну тәртібі, оларды нотариуспен тиісті қамтамасыз ету мүмкіндігі және сот отырысының форматын айқындаудың тиісті тетігі қарастырылған азаматтық процестік заңнамаға тиісті толықтырулар мен өзгертулер ұсынылады.

Зерттеу нәтижелерінің жариялануы

Бірінші мақала «Қазақстан Республикасындағы сот қызметінде ақпараттық технологияларды пайдалануды құқықтық реттеу» ҚР Әділет Министрлігінің Жаршысында жарыққа шықты. (<http://www.adilet.gov.kz/ru/taxonomy/term/3210>)

Екінші мақала II международное книжное издание стран Содружества Независимых Государств VI томында жарияланды.

Диссертацияның құрылымы мен көлемі. Диссертация кіріспе, екі тарау, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшалардан тұрады.

I ЦИФРЛІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ПРОЦЕСКЕ ҚАТЫСУ МҮМКІНДІГІ

1.1. Аудио және бейне байланыс құралдары, олардың азаматтық процесітегі мүмкіншіліктері мен тиімділіктері

Өнеркәсіптік революция АҚШ экономикасының өсуіне ықпал етсе, бүгінгі күні цифрлік технологиялар жоғарыда аталып өткен артықшылықтарына байланысты жаһандық тәртіпке түбегейлі өзгерістер енгізуге қабілетгі¹⁴. Индустриялық дамыған мемлекеттер цифрлік технологияларды дамыту және енгізу бойынша ірі ұлттық бастамалар жүргізуде. Қазақстан жаһандық коммуникациялардың біріктірілген жүйелеріне негізделген жаңа технологиялық ортаның ажырамас бөлігі болуға тиіс. Осы мақсатта Қазақстанның алдына жаңа инновациялық даму мен жедел технологиялық жаңартуды талап ететін әлемнің ең дамыған 30 елдің қатарына кіру міндеті қойылды¹⁵. Елбасы 2017 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында цифрландыру өзегі болып табылатын Үшінші жаңғырту туралы жариялады. Іс жүзінде еліміз жасанды интеллект технологиясына негізделген жаңа мемлекеттік және қоғамдық құрылымды қалыптастыру алдында тұр. Цифрлік технологияларды перспективалық дамыту және оларды қоғам мен мемлекеттің өміріне одан әрі енгізу үшін нормативтік негіздерді қалыптастыру қажет. Сондықтан да түрлі салаларда қолданысқа енді еніп жатқан технологияларды тиімді пайдаланып, теріс нәтижелердің алдын алу керек. Осы мақсатта еліміздегі «электрондық сот» ұғымының пайда болу негіздеріне және сот қызметін ақпараттандыру кезеңдеріне тарихи талдау жасалды, сот қызметін ақпараттандырудың мақсаттары айқындалды және азаматтық сот ісін жүргізу заңнамасына талдау жүргізілді.

Ақпараттық технологияларды сот қызметіне енгізудің бастамасы ретінде 2009 жылы республика судьяларының V съезін есептеуге болады. Елбасы Н.Назарбаев соттардың қолжетімділігі мен ашықтығын арттыру бойынша және озық сот тәжірибесін қалыптастыру мен сот өндірісін

¹⁴ Масимов К.К. Следующий властелин мира. Искусственный интеллект / «ЛитРес: Самиздат», 2019. С. 93-94.

¹⁵ Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 2014 жыл

(http://www.akorda.kz/kz/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/memleket-basshysy-nursultan-nazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy)

жетілдіруге қатысты берген тапсырмаларды іске асыру аясында электрондық сот ісін жүргізу қолға алынған болатын¹⁶.

2013 жылы Елбасы Н. Назарбаев Қазақстан Республикасы судьяларының VI съезінде электрондық сот төрелігі мәселесі талқыланып, сот ісін жүргізуде ақпараттық технологиялардың жеткіліксіз пайдаланылып жатқандығына назар аударды¹⁷. Сонымен қатар Елбасы Үкіметке Жоғарғы Сотпен бірлесіп жаңа Азаматтық іс жүргізу кодексінің жобасын әзірлеуге кірісуді тапсырды.

Екінші кезеңде постиндустриялық ақпараттық қоғамға көшудің құқықтық реттелуінің мақсаттары мен міндеттерінің негізі айқындалып, 2013 жылы 8 қаңтарда ҚР Президентінің Жарлығымен «Ақпараттық Қазақстан – 2020» мемлекеттік бағдарламасы бекітілді¹⁸.

2016 жылы Елбасы Н. Назарбаев Қазақстан судьяларының VII съезінде кез келген нақты сот реформасының түпкі мақсаты – судьялардың адалдығы мен кәсібилігі; әділдік пен сот төрелігінің қолжетімділігі басты болып табылатын тәуелсіз және сатылмайтын сот билігі екенін атап өтті¹⁹. Сонымен қатар сот талқылауларының аудио, бейне тіркеу құралдары енгізіліп бастады.

Үшінші кезең – Елбасы Н. Назарбаев 2017 жылы Қазақстан халқына Жолдауында ақпараттық технологиялардың дамуын басым бағыт ретінде белгілеп, осы Жолдау негізінде 2017 жылғы 12 желтоқсанда 2018-2022 жылдарға арналған «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. Бағдарламасының мақсаты – орта мерзімді перспективада республика экономикасының даму қарқынын жеделдету және цифрлық технологияларды пайдалану есебінен халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, сондай-ақ ұзақ мерзімді перспективада Қазақстанның экономикасын болашақтың цифрлық экономикасын құруды қамтамасыз

¹⁶ Есжанов М. (2018) Цифрлі сот жүйесі – рухани жаңғыру аясында (<https://egemen.kz/article/173084-tsifrlly-sot-dguvesi-%E2%80%93-rukhani-dganhghyru-ayasynda>). Қаралды: 13.11.2019.

¹⁷ Выступление президента Н. Назарбаева на VI съезде судей РК (2013) (http://www.akorda.kz/ru/special/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/vystuplenie-prezidenta-kazahstana-nursultana-nazarbaeva-na-vi-sezde-sudei-respubliki-kazahstan). Қаралды: 12.11.2019.

¹⁸ Государственная программа «Информационный Казахстан – 2020» (2018) (https://egov.kz/cms/ru/articles/communications/gp_inf_kaz_2020). Қаралды: 13.11.2019.

¹⁹ VII съезд судей Республики Казахстан (2016) (<https://www.zakon.kz/4830096-sezd-sudejj-s-uchastiem-glavy.html>). Қаралды: 13.11.2019.

ететін түбегейлі жаңа даму траекториясына көшіруге жағдай жасау²⁰. Бұл бағдарламаны іске асыру үшін 17 міндет қойылды, солардың бірі Мемлекеттік органдардың ішкі қызметін цифрландыруды іске асыру. Бұл міндетті іске асыру шарасы ретінде «Электрондық азаматтық істерге» көшу және электрондық сот залын құру көзделген.

Жалпы алғанда, соттарды ақпараттандыру және сот төрелігін электрондық қамтамасыз етуге қатысты айтарлықтай жұмыстар жүргізілді. Мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру және ҚР судьяларының съезінде қойылған тапсырмаларды орындау нәтижесінде сот қызметіне келесідей цифрлік шешімдердің мүмкіндіктері кеңінен енгізілді²¹:

- 1) ҚР сот жүйесінің жаңғыртылған интернет-ресурстары;
- 2) SMS-хабарламалар мен электрондық пошта арқылы сот процесіне қатысушыларды хабардар ету жүйесі;
- 3) «сот құжаттарымен танысу» сервисі;
- 4) «сот істерін қарау кестелері» сервисі;
- 5) «сот кабинеті» сервисі;
- 6) «сот шақыру қағазы» сервисі;
- 7) сот органдарының Call-орталығы;
- 8) «Мемлекеттік органдардың электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі»;
- 9) «Төрелік» автоматтандырылған ақпараттық-талдау жүйесі;
- 10) аудио және аудио-бейне тіркеудің жаңғыртылған жүйелерімен жарақтандыру, сондай-ақ сот жүйесін компьютерлермен және ұйымдастыру техникасымен кезең-кезеңмен жарақтандыру бойынша жұмыстар жүргізілді.

2016 жылы сот отырыстарының 78%-ы аудио-бейнетіркеу жүйесін қолдану арқылы өтсе, «Сот кабинеті» сервисі арқылы 390 698 талап арыз жолданды, бұл барлық келіп түскен талап арыздардың 75,4%-ын құрады²². 2018 жылы еліміздегі барлық сот залдары 100% бейнеконференцбайланыс

²⁰ «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысы. (<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827>). Қаралды: 11.11.2019.

²¹ «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысы. (<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827>). Қаралды: 11.11.2019.

²² ҚР Жоғарғы Сотының сайты <https://www.sud.gov.kz/eng/node/135736> Қаралды 11.11.2019

құралдарымен жабдықталды²³. Бұл істерді қашықтықтан қарауға мүмкіндік беріп, істерді қарау мерзімі мен шығындарын қысқартады.

Алматы аудандық сотында өткен зерттеу тәжірибесі кезінде сот процестерін қашықтықтан ұйымдастыруда ZOOM, WhatsApp, TrueConf қосымшалары қолданылады. Сот процесіне дайындық сатысында судья тараптармен алдын ала кездесуді WhatsApp қосымшасы арқылы өткізеді, ал сот процестерінде ZOOM қосымшасын пайдаланады, сот талқылауының электрондық хаттамасын қамтамасыз етуде АВФ, TrueConf қосымшаларының мүмкіндіктері пайдаланылады.

Қаралып отырған кезеңде сот қызметін ақпараттандыру (сот қызметін электрондық қамтамасыз ету) және «электрондық сот төрелігі» ұғымдарының мазмұндық айырмасын айқындау қажеттілігі туындайды. Н.Н. Федосеева: «соттарды ақпараттандыру – соттардың өз қызметінде компьютерлер мен өзге техниканы қосалқы құрал ретінде, бірақ іс жүргізу құралы ретінде емес қолдану» деп жазады²⁴. Соттардың істерді қарау және шешу кезінде ақпараттық технологияларды қолдануды сот ісін жүргізу заңнамасы нақты бір мағыналы түсіндірме бермей, «электрондық сот ісін жүргізу» терминін қолданады.

Жалпы түрде электрондық сот төрелігі ақпараттық технологияларды пайдалануға негізделген сот төрелігін жүзеге асыру тәсілі ретінде түсініледі. Ғалымдардың арасында осы ұғымдардың мазмұнына қатысты әр түрлі пікір қалыптасқан. С.В. Романенкова болса электрондық сот ісін жүргізуді кең және тар мағынада ажырату керектігін айтады²⁵. Кең мағынада автор электрондық сот ұғымын автоматтандырылған ақпараттық жүйелердің жиынтығы ретінде, яғни сот актілерін жариялайтын және тараптардың іске қатысты материалдарға қол жетімділігін қамтамасыз ететін құралдардың сервистері ретінде қарастырады. Ал тар мағынада бұл – бұл соттың және процеске қатысушылардың нормативтік құқықтық актілерде көзделген сот процесінің басталуы мен барысына тікелей әсер ететін іс-әрекеттерді жүзеге асыру мүмкіндігін айтады.

И.В. Стюфеева электрондық сот төрелігін сот процесінде барлық қатысушылар арасында электронды-цифрлік түрде қағазсыз ақпарат алмасуды білдіретін, сот ісін жүргізуде ақпараттық технологияларды

²³ ҚР Жоғарғы Сотының сайты// <http://sud.gov.kz> (Басты бет) Баспасөз орталығы» Жаңалықтар) (<http://sud.gov.kz/kaz/news/bugin-okk-de-sottardagy-zhana-akparattyk-tehnologiyalar-zhne-sot-procesine-katsysushylar>) Қаралды: 11.11.2019.

²⁴ Федосеева Н.Н. Электронное правосудие в России: сущность, проблемы, перспективы // Арбитражный и гражданский процесс. 2008. № 9. С. 2–5.

²⁵ Романенкова С.В. Понятие электронного правосудия, его генезис и внедрение в правоприменительную практику зарубежных стран // Арбитражный и гражданский процесс. 2013. № 4. С. 26–31.

пайдалануға негізделген сот төрелігін жүзеге асырудың тәсілі ретінде анықтайды²⁶.

Дәстүрлі іс жүргізу нысанын қамтамасыз ететін техникалық жаңалықтар электрондық сот төрелігі ретінде қаралмайтынын мойындау керек. Электрондық сот ісін жүргізу барлық процессуалдық әрекеттер электрондық нысанда жүргізілмейінше мүмкін емес. Бұл екі ұғымды төменде атап өтілетін сот қызметіндегі ақпараттық технологияларды пайдалану мақсаттарына байланысты ажыратуға да болады.

Сот қызметін ақпараттандыру электрондық сот ісін жүргізусіз-ақ жүзеге асады, алайда электрондық сот ісін жүргізу сот қызметін ақпараттандырусыз іске аспайды, яғни ақпараттандыру процесінің бір бөлшегі болып табылады.

Соттардың қызметіндегі ақпараттық технологияларды пайдалануды құқықтық реттеу мен теориялық пайымдаудың бастапқы кезеңі қазіргі модернизацияның тұжырымдамалық негіздерін әзірлеуді талап етеді. Мұндай негіздер ретінде ақпараттық технологияларды енгізу мақсатын қарастыруға болады. Сонымен қатар бұл ақпараттық технологияларды пайдалану қағидаттары мен даму үрдістерін анықтауға мүмкіндік береді. Ресей зерттеушілері соттардың қызметінде ақпараттық технологияларды пайдалану мақсаттарын 3 топқа жіктейді: жалпы (тұжырымдамалық), ұйымдастырушылық (институционалдық) және функционалдық (сот ісін жүргізу)²⁷.

Сот қызметінде ақпараттық технологияны қолданудың жалпы концептуалдық мақсаты – сот төрелігінің сапасын және оған сенімділікті арттыру; сот төрелігінің жариялылығын, сот билігінің ашықтығы мен қолжетімділігін арттыру; баршаның заң мен сот алдында теңдігін қамтамасыз ету; судьялардың тәуелсіздігін қамтамасыз ету болып табылады²⁸.

Қазіргі күні соттарда қолданылатын цифрлік технологиялардың мүмкіндіктері аталған мақсатты қанағаттандыратынына зерттеу тәжірибесі барысында көз жеткізілді: «Төрелік», «Сот кабинеті», «Сот актілерінің банкі», сервистері үйден шықпай-ақ талап арыз беруге, сот актілерін алуға, өзге де процесстік әрекеттерді іске асыруға мүмкіндік береді. Ал істерді автоматты түрде бөлу сервисі (АРД) істің санатын, күрделілігін, іс жүргізу тілін ескере отырып келіп түскен талап арыздарды судьялардың арасында

²⁶ Стюфеева И.В. Новый уровень правосудия // СПС «КонсультантПлюс» (<http://www.consultant.ru/>). Қаралды:11.11.2019.

²⁷ Решетняк В.И., Смагина Е.С. Информационные технологии в гражданском судопроизводстве (российский и зарубежный опыт): Учебное пособие. М.: Издательский дом «Городец», 2017. С.28.

²⁸ Сол жерде, 28-29 б.

бөледі, бұл істің объективті қаралуын, судьяның тәуелсіздігін қамтамасыз етеді, себебі істің қай судьяға түсетінін сервис автоматты түрде өзі анықтап, мүдделер қақтығысын алдын алады.

Ұйымдастырушылық мақсатқа:

- 1) судьялардың қызметін жеңілдету;
- 2) соттардың істерді қарау мерзімдерін қысқарту;
- 3) соттардың істерді қарау шығындарын азайту;
- 4) сот аппаратының жүктемесін төмендету;
- 5) соттардың өзара және соттардың өзге де органдармен байланысын

жақсарту;

6) сот пен процеске қатысушылардың ақпараттық өзара іс-қимылын жеңілдету жатады²⁹.

Ұлыбританияда іс жүргізудің цифрлық инфрақұрылымы (HM Courts&Tribunals Service Digital Case System) 2015 жылы іске қосылған сәттен бастап қолданысқа енгізілетін қағаз көлемін 500 тоннаға, ал талап - арыз беруге жұмсалатын уақыт шығындарын - 15 жұмыс күнінен 10 минутқа дейін қысқартуға мүмкіндік берді³⁰. Отандық статистика мәліметтері болмағанымен, тәжірибе барысында сот шығыстарының қысқарғаны байқалады, себебі бұрын сот шақыртулары, сот актілері пошта, гибридік пошта арқылы жіберілсе, бүгінгі күні сот хабарламаларын тараптардың электрондық почта, ұялы телефондарына жібереді, ал сот актілерін «Сот кабинеті» сервисінен алуға болады.

Функционалдық (сот ісін жүргізу) мақсатқа:

1) судьялар арасында істерді автоматты түрде бөлу есебінен судьялар тәуелсіздігінің жаңа деңгейін қамтамасыз ету; сот актілерін ақпараттық-коммуникациялық жүйелерде орналастыру; істерді оңайлатылған тәртіппен және өзге де істерді сот талқылауын өткізбей сырттай қарау;

2) сотқа құжаттарды жіберу және сот отырысына жеке келуге байланысты сот талқылауына қатысушылардың қаражаты мен уақытын үнемдеу. Бұған бейнеконференция байланысын пайдалануды кеңейту, құжаттарды сотқа электронды түрде беру, сот актілерімен қашықтықтан танысу, өзге де іс жүргізу әрекеттерін жасау үшін электрондық құралдарды белсенді қолдану есебінен қол жеткізу;

3) іс бойынша құқықтық ұстанымды әзірлеуді жеңілдету және процеске қатысушылардың өз талаптарын, қарсылықтарын дәлелдеу нормативтік, құқықтық ақпаратқа, банктерге сот шешімдерін, сот статистикасына қол

²⁹ Сол жерде, 30-31 б.

³⁰ Аватар вместо мантии: какое будущее ждет судебную систему в эпоху инноваций // Российская газета, 2020. URL: <https://rg.ru/2020/01/30/ava-tarvmestomantiikakoe-budushcheezhdetsudeb-nuiusistemuvepohuinnovacij.html> Қаралды:22.03.2021

жеткізудің электрондық құралдарымен; сотта жаңа дәлелдеу құралдарын – электрондық құжаттарды пайдалану мүмкіндігімен байланысты;

4) жалпы сот қорғауына қол жетімділікті және сот отырысына, атап айтқанда, мүмкіндігі шектеулі адамдардың, өзге де дәлелді себептер бойынша сотқа келуге мүмкіндігі жоқ адамдардың жеке қатысуын қамтамасыз етуді жатқызуға болады³¹.

Жоғарыда аталып өткен цифрлік технологияларды қолдану мақсаттарының іс жүзінде қаншалықты орындалып жатқанын анықтау үшін зерттеу тәжірибесі кезінде техникалық байланыс құралдары арқылы сот процестеріне қатысу жүргізілді және келесідей кемшіліктер анықталды: цифрлік мүмкіндіктер қамтамасыз етілсе де, оларды іске асыруды тежейтін келесідей факторлар бар: цифрлік технологияларды қолдануда халықтың сауатсыздығы; мүмкіншіліктің болмауы (интернет, электрондық құрылғы); жас ерекшелігі. Мысалы, «Сот кабинеті» сервисін пайдалануды білмегендіктен, тараптар талап арызды пошта сервисі арқылы сот канцеляриясына жібереді, кей жағдайда сотқа тікелей келіп жазған талапкерлер де кездесті. «Сот кабинетінде» жарияланған сот актілерін, шешімдерді онлайн алуды білмегендіктен, сотқа тікелей келіп немесе өздерінің тұрғылықты жеріне пошта арқылы жіберуді өтініп жататын жағдайлар көп орын алды. Сонымен қатар іске қатысушылардың байланысқа уақытылы қосылмауы, тұрақсыз интернет байланысы есебінен уақыт жоғалту, соның салдарынан сот процесін жылжыту, кейінге қалдыру тек тараптар үшін, емес жалпы процестік мерзімдердің сақталуына да кері ықпал береді. Тұрақсыз интернет байланысы ерекше талқылауды талап етеді, себебі тәжірибеде видеоконференцбайланыс барысында іске қатысушылардың бір-бірін, судьяны естімеуі, істің толық жан-жақты шешілуіне тікелей әсер етеді, кейде шығарылған шешімді судья дауыстап оқыған кезде тараптар естімей қалып, процестен кейін сот хатшысына хабарласып, судьяның қандай шешім шығарғанын қайта сұрап жатқан жағдайлар орын алды.

³¹ Решетняк В.И., Смагина Е.С. Информационные технологии в гражданском судопроизводстве (российский и зарубежный опыт): Учебное пособие. М.: Издательский дом «Гордец», 2017. С. 32-33.

1.2. Цифрлік технологияларды азаматтық процесте қолдану шектері

ҚР Жоғарғы Соты аппараты басшысы 2019 жылы 15 қазанда № 7 бұйрығымен Сот отырысына қатысуды қамтамасыз ететін техникалық байланыс құралдарын қолдану қағидалары мен оларға қойылатын талаптарды бекіткен болатын³²(әрі қарай – Ереже). Бұл құжат сот отырысында техникалық байланыс құралдарын пайдаланудың жалпы ережелерін ғана қамтиды. Аталған құжатта техникалық байланыс құралдары, бейнеконференцбайланыс және сот отырысын аудио бейне тіркеу ұғымдарына қатысты анықтама беріліп, бейнеконференцбайланыстың тек ашық сот отырыстарында қолданылатыны келтіріледі, яғни жабық сот отырысы кезінде техникалық байланыс құралдары қолданылмайды. Мысалы, кейбір сот ісін жүргізу бойынша тараптардың міндетті түрде іске қатысуы тиісті заңмен көзделуі мүмкін. Ондай жағдайлардың бірі ретінде бала асырап алуға қатысты сот істерін жатқызуға болады (АПК 33-тарау. Бала асырап алу туралы арыздар бойынша іс жүргізу, 314-бап). Мұндай істердің қатарына балаларға қатысты басқа да даулар жатады.

ҚР АПК-ның 133-3 бабында іске техникалық байланыс құралдары арқылы сот отырысына қатысу құқығы жазылған. Ережеге сәйкес бұл техникалық мүмкіндік болған жағдайда соттың бастамасымен немесе процеске қатысушының өтінішхаты бойынша жүзеге асырылады. Алайда іске қатысатын адамдардың мұндай өтініші қанағаттандырылмаған кезде судьяның бұл шешіміне қарсылық білдіру мүмкіндігі көзделмеген.

Сонымен қатар, ережеде заңшығарушы судьяның тараптардың пікірін қалай ескеретіндігін ашып жазбаған, бұл бейнеконференцбайланысты қолдану соттың субъективті қалауына байланысты деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Мысалы, техникалық мүмкіндік болып тұрып және іске қатысушы адамдардың өтініші болған жағдайда судьяның бұл өтінішті қанағаттандырмауына ештеңе кедергі келтірмейді (яғни, бұл судьяның міндеті емес, құқығы); ал керісінше болған жағдайда, яғни тараптар бейнеконференцбайланысты қолдануға қарсы бола тұра, судья өзінің бейнеконференцбайланысты қолдану құқығын пайдалануына еш кедергі жоқ. Бұл заңшығарушының судьяға техникалық байланыс құралдарын қолдану құқығын пайдалану кезінде өте кең тандау шегін қалдырғандығын көрсетеді.

³² Сот отырысына қатысуды қамтамасыз ететін техникалық байланыс құралдарын қолдану қағидалары және оларға қойылатын талаптарды бекіту туралы ҚР Жоғарғы Соты аппараты басшысының 2019 жылғы 15 қазандағы № 7 бұйрығы

Жоғарыда аталған проблемаларды шешудің бір жолы ретінде ресей зерттеушілері Решетняк пен Е.С. Смагина электрондық сот ісін жүргізудің қағидаттарын енгізуді ұсынады. Олардың пікірінше электрондық сот төрелігі азаматтық іс жүргізу құқығы қағидаттарымен қатар жеке институционалдық қағидаттардың жүйесіне негізделуі керек³³:

1) қашықтық қағидаты – іске қатысушы тараптардың іске техникалық байланыс құралдарын пайдалану мүмкіндігінің шектерін қамтиды;

2) сот төрелігінің ақпараттық ашықтығы қағидаты – азаматтармен өзара іс-қимыл тетіктерін кеңейту шеңберінде жүзеге асырылады;

3) ақпаратқа қол жетімділік қағидаты – сот отырыстарының онлайн-трансляциясы және сот қарайтын істер туралы ақпаратқа ашық қолжетімділікті, т.б. қамтиды.

Елімізде қалыптасқан сот тәжірибесі мен азаматтық процесік кодексте бекітілген қағидаттарды ескере отырып, жоғарыда келтірген ресей зерттеушілерінің ұсынатын қағидаттарын мардымсыздығына көз жеткізуге болады. Себебі, сот талқылауының жариялылығы қағидаты заңды күшіне енген сот актілерінің заңда белгіленген шектеулерді ескеріле отырып, соттың интернет-ресурсында жарияланатындығына және жария талқылануына кепілдік береді³⁴. Сонымен қатар, соттың іс жүргізуіндегі азаматтық істер бойынша сотқа келіп түскен өтініштер туралы ақпарат жария етілуге және осы ақпаратты соттың ресми интернет-ресурсында орналастыру арқылы процеске қатысушылардың назарына жеткізілуі көзделген. Ал ашық сот істерін қарауға қатысу мүмкіндігі соттың рұқсатымен және іске қатысушы адамдардың пікірін ескере отырып жол берілетіндігі де Ережеде қамтылған³⁵.

Ақпараттық телекоммуникациялық инфрақұрылымға қолжетімділік цифрлік экономиканың негізгі болып табылады. Ал бұл дегеніміз, сапалы Интернетке қолжетімділікті білдіреді. Ел аумағындағы сапалы интернет тек ауыл тұрғындарының қажеттіліктерін өтей алмай жатыр деп айту қиын, себебі қала тұрғындарының өзі тұрақты интернет байланысына мұқтаж екендігі жоғарыда зерттеу тәжірибесін өту кезінде келтірілді. Мұндай

³³ Решетняк В.И., Смагина Е.С. Информационные технологии в гражданском судопроизводстве (российский и зарубежный опыт): Учебное пособие. М.: Издательский дом «Городец», 2017. С.28.

³⁴ Қазақстан Республикасының Азаматтық процесік кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V.

³⁵ Сот отырысына қатысуды қамтамасыз ететін техникалық байланыс құралдарын қолдану қағидалары және оларға қойылатын талаптарды бекіту туралы ҚР Жоғарғы Соты аппараты басшысының 2019 жылғы 15 қазандағы № 7 бұйрығы

жағдайлар тараптар үшін техникалық мүмкіндіктің болмауына, байланыстың тұрақсыздығына қатысты манипуляция жасау үшін және осы арқылы сот процесін жасанды созу, кейінге қалдыруға мүмкіндік береді. Сол себепті тараптардың техникалық мүмкіндіктерін ескерген кезде, екінші тарап бірінші тараптың техникалық байланыс мүмкіндіктерін қамтамасыз ету туралы өтінішін қарастырған кезде, сот бұл тек сот шығыстарын(уақыт, қаражат, т.б.) қысқартып қоймай, жоғарыда аталған жағдайлардың алдын алатынын да ескерген жөн.

Сонымен қатар конституциямен бекітілген заң мен сот алдындағы теңдік пен әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғалуына құқығы барын ескеріп, мүгедек адамдардың сотқа қашықтықтан қатысу мүмкіндігін қамтамасыз ету керек.

Сондықтан бейнеконференцбайланыс жүйелерін пайдалану арқылы іске қатысу туралы тараптардың бірі өтініш білдірген кезде сот келесідей жағдайларды ескеруі қажет: алдымен сотта қаралатын дау сотқа қатысушылардың жеке өмірін, отбасылық құпиясын қозғамайтындығы(екінші тараптың тиісті өтініші болған кезде); екіншіден, заңда тараптардың іске тікелей қатысуы талап етілетін істердің санатына жатқызылмайтындығы(бала асырап алу істері); тараптардың денсаулық жағдайын (мүгедектігін), өзге де дәлелді жағдайларды ескеру қажет.

1.3. Шетелдік сот тәжірибесінде цифрлік технологияларды пайдалану көріністері

Көршілес Ресейде жаңа технологияларды енгізу және қолдану бойынша төрелік соттар жетекші орын алып отыр. Тіпті аналитикалық есептерінде төрелік соттарда онлайн сот төрелігін өткізу аяқталған факт деп келтіреді³⁶. Ресей соттарының ақпараттандыру деңгейі – сараптамалық бағалау нәтижелері бойынша Австралия, Германия, Канада көрсеткіштерінен асып түседі, яғни 11-ден 7,5 балл құрайды, бұл Сингапур мен Қытай деңгейіне сәйкес келеді³⁷.

Бейнеконференция режимінде сот отырыстарын өткізуге құқықтық жағдай жасау Ресей Федерациясының Үкіметі дайындаған «Экономиканы қалыпқа келтірудің Жалпыұлттық жоспарына» енгізілген (маусым 2020 ж.).

Ресей құқықтанушылары соттарда қашықтықтан сот істерін одан әрі жүргізудегі негізгі кедергілерді атап өтеді: біріншіден, заңнамалық

³⁶ Информационные технологии в правосудии. Состояние и перспективы. Россия и мир. Аналитический доклад. Москва 2020. С.5.

³⁷ Сол жерде

рәсімдеуге қатысты; екіншіден, ақпаратты қорғауға байланысты артық талаптарға болуы ³⁸. Сот процестеріне қатысушыларға қатысты бейнебайланыс жүйесін пайдалану кезінде ақпаратты қорғауға қойылатын артық және толық негізделмеген талаптар ретінде, деректерді шифрлау, оларды тек жабық ведоместілік арналар арқылы беру, оқшауланған сенімді кабинеттер құру және т.б. қашықтықтан сот төрелігінің артықшылықтарын жоққа шығаруға қабілетті екендігін келтіреді. Сонымен қатар, тәжірибедегі ақпараттың жеткіліксіз қорғалуына байланысты мәселелердің шындыққа жақын емес, яғни ойластырылған болжамдардың көп болуы ресей заңгерлерін алаңдатып отыр. Қазіргі уақытта тараптардың іс жүргізу кепілдіктерін қамтамасыз ету немесе ақпаратты қорғау тұрғысынан қолданылатын жүйенің сыни осалдығын көрсететін теріс пайдалану фактілері туралы ешқандай мәліметтер жоқ. Ақпаратты қорғауға қойылатын талаптар процестің түрін және істің нақты жағдайларын ескеру керек, яғни сот ісін жүргізудің қол жетімділігі қағидатымен теңдестірілуі керек деп есептейді³⁹.

Процеске үшінші тұлғалардың араласу (сигналды өзгерту, басқа тұлғалардың отырысына қатысу және т.б.) тәуекелдері мемлекеттік қызметтердің бірыңғай порталы арқылы аутентификацияның стандартты рәсімдері арқылы реттеледі, яғни:

- 1) жеке басын куәландыратын құжаттарды визуалды тексеру;
- 2) білікті электрондық қолтаңбаны пайдалану;
- 3) сондай-ақ көпшілікке қол жетімді криптография құралдары арқылы⁴⁰.

Бейнеконференция жүйесін қолдануды одан әрі дамыту үшін тағы бір маңызды кедергілердің бірі оның заңнамалық рәсімделуіне қатысты азаматтық процестік кодекс деңгейінде реттеуді талап ететін мәселелер тізбесі айтарлықтай аз екендігін көрсетеді. Бұл, ең алдымен:

- 1) процеске қатысушының жеке басын анықтау(аутентификация);
- 2) мүмкін дәлелдемелерді алдын-ала ашудың белгілі бір мәселелері;
- 3) процестің кешіктірілуіне жол бермеуге бағытталған шаралар (мысалы, байланыстың тұрақсыздығына байланысты манипуляциялар және т.б.)⁴¹.

Дамыған мемлекеттердің қатарына жататын Австралияда онлайн сот отырыстары eCourtroom онлайн жүйесі негізінде іске асып жатыр⁴². Бұл

³⁸ Сол жерде, 8 б.

³⁹ Сол жерде, 9 б.

⁴⁰ Сол жерде

⁴¹ Сол жерде

⁴² Online Courtroom for Registered Users (eCourtroom) // Federal court of Australia. URL: <http://www.fedcourt.gov.au/online-services/ecourtroom>

жүйе соттарда қаралған істердің картотекасымен біріктірілген және қаралған істер туралы ақпарат осы сервисе орналастырылып, сервис пайдаланушыларына ақпаратқа қол жетімділікті қамтамасыз етеді, алайда іс аясында берілген нақты құжаттар тек даудың тараптары мен сот қызметкерлеріне ғана қолжетімді⁴³.

Істі eCourtroom арқылы онлайн өткізу туралы шешімді сот:

1) реттеуге жататын мәселелердің сипаты мен күрделілігіне, қатысушылардың санына;

2) дау тараптарының бұл жүйеге қосылу мүмкіндіктерінің болуына, дәлелдемелердің сипаты мен көлеміне;

3) істің жеделдігіне;

4) дау тараптарының пікірлері және т.б. ескере отырып қабылдайды⁴⁴.

Судья кез келген уақытта өз бастамасы бойынша немесе дау тараптарының өтініші бойынша eCourtroom залын пайдалануды тоқтата алады.

eCourtroom виртуалды залдың жұмысы келесі ережелермен реттеледі:

– тиісті соттың қарауына жататын дауларды қарау үшін ғана пайдаланылуы тиіс;

– даудың тараптары және/немесе олардың өкілдері арасындағы қарым-қатынас үшін ғана пайдаланылмауы тиіс;

– тараптың немесе оның өкілі берген айғақтар соттың әдеттегі залында берілгендей міндетті күшке ие;

– процеске қатысушылардың тілі, коммуникация ережелері және мінез-құлық ережелері әдеттегі сот отырысында қолданылатын ережелерден ерекшеленбейді;

– сот шешімінде өзгеше көзделмесе, қабылданған шешімдердің көшірмесі сервисе орналастырылады.

Британдық заңгерлер профессор Р.Саскинд басшылығымен және білікті заң көмегін көрсетумен айналысатын Британия комиссиясының қатысуымен «бүкіл әлем бойынша қашықтағы соттар» (Remote Courts Worldwide) интернет жобасын іске қосты⁴⁵. Бұл жоба карантин жағдайында қашықтан сот ісін жүргізу бойынша халықаралық тәжірибемен бөлісуге мүмкіндік берді.

Канададағы алғашқы онлайн трибунал Британдық Колумбия провинциясының азаматтық істер жөніндегі трибуналы (CRT) талап қою сомасы 5 мың доллардан аз болатын даулар мен меншік құқығынан

⁴³ Сол жерде

⁴⁴ Сол жерде

⁴⁵ «Remote Courts World- wide» жобасының ресми сайты. URL: <https://remotecourts.org> Қаралды: 20.03.2021

туындайтын дауларды қарастырады⁴⁶. Ал 2019 жылдың 1 сәуірінен бастап талап сомасы 50 мың доллардан кем жол-көлік оқиғаларына қатысты талаптарды қабылдап бастады⁴⁷.

Сонымен қатар, тараптардың татуласу рәсімдері CRT сервисі негізінде онлайн жүзеге асырылады. Ал «Solution explorer» сервисі өтініш берушінің стандартты сұрақтарға жауаптарын талдау арқылы даудың санатын айқындайды. Сондай-ақ тараптарға заңды ақпарат және қажетті құжаттардың үлгілерін ақысыз ұсынады⁴⁸.

Қазіргі уақытта Қытайда миллиондаған сот істерін онлайн процеске көшіру саясаты «ақылды соттар» («Smart courts») жобасы негізінде іске асып жатыр. Виртуалды сот жасанды интеллект және блокчейн технологиялары негізінде жұмыс істейді, бұл тараптарға құжаттарды электронды түрде жүктеуге, виртуалды отырыстарға қатысуға, татуласу рәсімдерін жүргізуге және бейне байланыс, хабар алмасуға және сот шешімдерін алуға мүмкіндік береді⁴⁹. Сонымен қатар, медиация процесін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін платформа жұмыс істейді⁵⁰.

2017 жылы Ханчжоу қаласында қарызды өндіріп алу, авторлық құқыққа және онлайн-саудаға қатысты дауларды қарастыратын бірінші интернет-сот құрылды⁵¹. Соттарда жасанды интеллект технологиялары қолданылатынына қарамастан, судьялар процес барысын бақылап, маңызды шешімдер қабылдайды. Статистика көрсеткендей, 2019 жылдың мамыр - қазан айлары аралығында интернет-сот жүйесінде 3,1 миллионнан астам заңды іс-әрекет жасалып, шамамен 1 млн-нан астам тұлға тіркелген⁵².

⁴⁶ Ontario Courts Finally Go Digital (Almost) // Slaw, 2019. URL: <http://www.slaw.ca/2019/02/03/ontario-courts-final-ly-go-digital-almost> Қаралды: 20.03.2021

⁴⁷ Сол жерде

⁴⁸ Сол жерде

⁴⁹ brave new world of China's digital courts, judges are AI and verdicts come via chat app // The Japan Times, 2019. URL: <https://www.japantimes.co.jp/news/2019/12/07/asia-pacific/crime-legal-asia-pacific/ai-judges-verdicts-via-chat-app-brave-new-world-chinas-digital-courts/#.Xkf97C1eNPt> Қаралды: 20.03.2021

⁵⁰ China's innovative Internet Courts and their use of blockchain backed evidence. URL: <https://conflictolaws.net/2019/chinas-innovative-internet-courts-and-their-use-of-blockchain-backed-evidence/> Қаралды: 20.03.2021

⁵¹ Аватар вместо мантии: какое будущее ждет судебную систему в эпоху инноваций // Российская газета, 2020. URL: <https://rg.ru/2020/01/30/avatar-vmesto-mantii-kakoe-budushchee-zhdet-sudebnuyu-sistemu-v-epohu-innovacij.html> Қаралды: 20.03.2021

⁵² brave new world of China's digital courts, judges are AI and verdicts come via chat app // The Japan Times, 2019. URL:

Жалпы, соңғы жылдары Қытайда интернет-сотта қаралатын істер санының күрт өсуі байқалады. Бұл жағдай мобильдік аудармалар, интернет операциялар және жалпы интернет пайдаланушылар санының қарқынды өсуімен байланысты.

Қытай соттарының 90%-ында істерді онлайн режимінде қарау мүмкіндігі бар. Бұл сот талқылауының орташа ұзақтығын 50%-ға қысқартты, бүгінгі күні орташа мерзім 38 күнді құрайды.⁵³

«Ақылды соттар» жобасы бойынша қабылданатын шешімдер 65 елдің соттары қараған және коммерциялық дауларды шешу практикасы үшін елеулі маңызы бар істердің деректер базасын талдау негізінде қабылданады.

Болашақта Қытай жасанды интеллект технологиясы, деректерді талдау, сөйлеуді тану, электронды құжат айналымы және құжаттарды талдаудың автоматты құралдарын интернет-соттар аясында енгізуді жоспарлап отыр⁵⁴.

I ТАРАУ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ

Электрондық соттың қалыптасуы, сот қызметін автоматтандыру жұмыстары «Цифрлік Қазақстан» бағдарламасы аясында жүзеге асырылды. Алайда жүргізілген жұмыстардың қаншалықты сапалы және аталған мақсаттарды қаншалықты толық қанағаттандырғаны туралы сұрақтардың жауабы жоғарыда келтірілген зерттеу тәжірибесі нәтижелерінен көруге болады. Елдегі ақпараттық телекоммуникациялық инфрақұрылымның жағдайы, халықтың цифрлік сауаттылығының төмен деңгейі мемлекет тарапынан үлкен жұмыстардың жүргізілуін талап етеді.

Сот отырысына қатысуды қамтамасыз ететін техникалық байланыс құралдарын қолдану қағидалары мен оларға қойылатын талаптар туралы ереже толықтыруды қажет ететіндігін жоғарыда дәйектеген болатынбыз. Техникалық байланыс құралдарын пайдалану арқылы іске қатысу туралы тараптардың бірі өтініш білдірген кезде сот келесі жағдайларды: сотта қаралатын дау сотқа қатысушылардың жеке өмірін, отбасылық құпиясын қозғамайтындығы (екінші тараптың тиісті өтініші болған кезде); екіншіден,

<https://www.japantimes.co.jp/news/2019/12/07/asia-pacific/crime-legal-asia-pacific/ai-jud-ges-verdicts-via-chat-app-brave-new-world-chinas-digital-courts/#.Xkf97C1eNpt>

⁵³ China Daily. URL: <https://www.chinadaily.com.cn/a/201808/18/WS5b77c8f4a310add14f386801.html>

Қаралды: 22.03.2021

⁵⁴ What we can learn from Asia's courts of the future // World Economic Forum. URL: <https://www.weforum.org/agenda/2018/11/what-we-can-learn-from-asia-s-courts-of-the-future> Қаралды: 20.03.2021

занда тараптардың іске тікелей қатысуы талап етілетін істердің санатына жатқызылмайтындығы(бала асырап алу істері); тараптардың денсаулық жағдайын (мүгедектігін), өзге де дәлелді жағдайларды ескеру қажет.

Әлемдік тәжірибе салыстырмалы түрде алға жылжып, өзге өзекті мәселелерді талқылауда: биометриялық аутентификация, байланыстың тұрақсыздығына байланысты манипуляциялардың алдын алу, жасанды интеллект көмегімен шешімдер шығару, т.б.. Бұл бізге шетелдік тәжірибелерді зерттеп, олар жіберген қатені қайталамауға және үздік мысалдарды бізде қалыптасқан жағдай мен тәжірибенің ерекшелігіне қарай сыйымдылығын өлшеп, енгізуге мүмкіндік береді.

II ДӘЛЕЛДЕУДІҢ ЖАҢА ҚҰРАЛДАРЫ – ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚҰЖАТТАР

2.1. Электрондық құжат түсінігі және оның түрлері

XX ғасырдың екінші жартысында АҚШ-та, КСРО мен Англияда бір уақытта алғашқы электронды-есептеу машиналарының пайда болуымен машиналық тасымалдаушыларда құжаттардың жаңа түрі пайда болды. Олар «машинамен оқылатын құжаттар» немесе «машинамен таңбаланған құжаттар» деп аталды⁵⁵. Автоматтандырылған ақпараттық-іздігіру жүйелерін қоса алғанда, өткен ғасырдың 70-ші жылдардың соңы мен 80-ші жылдардың ортасы ғылыми-техникалық прогрестің қарқынды даму кезеңі болып табылады. 90 жылдардың басында «электрондық құжат» деген жаңа термин пайда болды. Орыс ғалымы М.В.Ларин «кез келген электрондық құжат машинамен оқылатын болуы мүмкін, бірақ машинамен оқылатын әрбір құжат электрондық болып табылмайды», - деп пікірін білдірген⁵⁶. 1990 жылдары компьютерлік технологиялардың қарқынды дамуы «машинамен оқылатын құжат» терминін және оның негізгі сипаттамасын – «машинамен оқуға жарамдылығын» – жоққа шығарды, себебі қазіргі жағдайда машинаның көмегімен кез келген ақпаратты қағаз құжатқа басып шығарып оқуға және сканерлеуге болады. Осылайша, ақпаратты жазудың цифрлік әдісін қолдану нәтижесінде пайда болған құжаттар «электрондық» деп атала бастады.

Ресей мамандарының пікірінше, электрондық құжаттардың *үш тобын* бөліп көрсетуге болады: цифрленген электрондық құжаттар, заманауи электрондық құжаттар және түрлі қағазсыз технологиялардың өнімдері болып табылатын электрондық құжаттар⁵⁷.

Бірінші топқа – қағаз немесе технотрондық құжаттардың сандық нысанға ауысуы нәтижесінде алынған құжаттар жатады⁵⁸. Мұндай ауысу цифрлеу деп аталады, ол құжатты дәстүрлі түрден цифрлық түрге, яғни компьютерлік түрге түрлендіруді білдіреді. Мұндай нысан файл түрінде жиі ұсынылады. Қазіргі заманғы ең көп таралған цифрлау технологиясы сканерлеу. Ол иллюстрациялық, графикалық құжаттарды, фотосуреттерді электрондық нысанға – файлдарға аударуға мүмкіндік береді. Дыбыс пен

⁵⁵ Электронный документ и его законодательное регулирование в странах СНГ <https://articlekz.com/article/7058> Қаралды 01.02.2020

⁵⁶ Сол жерде

⁵⁷ Сборник материалов III Всероссийской научно-практической конференции с международным участием (г. Томск, 25–26 октября 2007 г.)

⁵⁸ Залаев Г.З. Анализ и классификация электронных документов // Вестник архивиста. 1999. № 2-3. С. 60-68.

бейнені цифрлау нәтижесінде компакт-дискілер мен лазерлік бейнежазбалар пайда болды⁵⁹.

Екінші топқа тек цифрлік түрдегі құжаттар жатады. Олар Интернет-технологиялар, WWW-технологиялар және мультимедиа сияқты жаңа ақпараттық технологиялардың ақпараттық өнімдері болып табылады⁶⁰. Қазіргі заманғы электрондық құжаттар бірыңғай құжатқа интеграцияланған: вербалды ақпарат, фото, видеофрагменттер, дыбыс, анимация және графика. Әдетте олар үлкен көлемді және CD-ROM және CD-R оптикалық дискілерде жазылады.

Үшінші топ – қағазсыз технологиялар өнімдерінің арасында кеңінен таралған электрондық пошта жатады⁶¹. Электрондық пошта – телекоммуникациялық арналар арқылы хабарламаларды файлдар түрінде жіберу. Файл алдын ала цифрленген хабар (хат, мақала), сурет, фотосурет, сондай-ақ деректер қорын қамтуы мүмкін. Сонымен қатар электронды хабарламалар (құжаттар) кеңінен таралып, коммерциялық мақсатта пайдалану алғаш рет 30 жыл бұрын қолданыла бастады.

Электрондық мәмілелер, электрондық хабарламалар арқылы интернеттен тауар сатып алудан бастап, мемлекеттік мекемеге құжаттарды өткізу электрондық жазбаша нысан арқылы жүзеге асуда. Ұялы телефон арқылы ақша жіберу және қабылдау жеңіл әрі ыңғайлы болғандықтан соңғы он жылдықта тұтынушылардың мәмілелерді өздерінің ұялы телефондары арқылы жасау фактілері жылдан жылға артып келеді⁶². Осындай цифрлік технологияларды пайдалану нәтижесінде қоғамдық қатынастардың орын алғандығын дәлелдеу мәселелері туындап отыр. Алдымен мұндай цифрлік технология арқылы жасалған мәмілелерді дәлелдеме ретінде тану бүгінгі күні өзекті.

Дәлелдемелер іс жүргізу құқығында тараптардың өз ұстанымын дәлелдеудің негізгі құқықтық құралы болып табылады. Іс бойынша шындықты анықтау үшін және тараптардың арасында туындаған дауды шешу үшін дәлелдемелерге жүгінеміз. Электрондық дәлелдемелер ерекше құқықтық реттеуді қажет етеді. Қазіргі күні электрондық құжаттың дәлелдеме ретіндегі анықтамасы ешқандай заңда кездеспейді, іс материалдарына қосу үшін, яғни дәлелдеме ретінде жол беру үшін қандай белгілерге ие болу керек деген сұрақтар жауапсыз қалуда.

⁵⁹ Сол жерде

⁶⁰ Сол жерде

⁶¹ Сол жерде

⁶² The Cheque Is in the Tweet: Sending and Receiving Money on Your Smartphone is Getting Easier // <http://www.economist.com/finance-and-economics/2014/11/20the-cheque-is-in-the-tweet>. 10.01.2020.

Ғалымдардың арасында электрондық құжаттарға қатысты екі түрлі көзқарас қалыптасқан. А.Т.Темиргалиеваның пікірінше электрондық құжатта дәлелдік маңызы бар және жазбаша белгілерді оқу жолымен қабылданатын ойлар болса, жазбаша дәлелдеме ретінде есептеуге болады⁶³. А.П.Вершинин өз дәйегінде электрондық құжаттағы ақпарат «қағаз» құжаттардың мазмұнын құрауы мүмкін ақпараттан өзгеше емес екенін келтіріп, электрондық құжатты жазбаша дәлелдемеге жатқызады⁶⁴.

Кейбір ғалымдар электрондық құжатты таза күйінде жазбаша дәлелдеме ретінде қарастыруға болмайды, себебі жазбаша нысаны және авторлық бірегейлігі жоқ деп есептейді⁶⁵. А.Т.Боннер интернет парақшаларды шартты түрде заттық дәлелдемелерге жатқызады⁶⁶. Интернет және онда орналасқан сайттар қолмен ұстауға болатын материалдық заттар емес, алайда олар материалдық құбылыстар болып табылады деп негіздейді.

И.Ю.Востриковтың пікірінше электрондық құжаттар барлық дәлелдеу құралдарын қамтиды, бірақ қосымша регламенттеуді қажет етеді⁶⁷.

ҚР Азаматтық Кодекстің 152 бап 1-1 тармағына сәйкес мәміле электрондық нысанда жасалса мәміленің жазбаша нысаны сақталды деп есептеледі. ҚР Азаматтық процесілік кодекстің(әрі қарай ҚР АПК) 100 бап 6 тармағына, 133-2 бабына сәйкес дәлелдеменің бұл түрі жазбаша дәлелдемелерге теңестіріледі. ҚР АПК 100 бап 5 тармағында жазбаша дәлелдемені ұсыну мүмкін болмаған кезде сақталатын жерінде қарап тексеру жүргізілетіні келтіріледі. Әдетте құжаттар, хат хабарламалар компьютер не телефон арқылы жасалып жіберілетінін ескерсек, олар осы құрылғыларда сақталатынын туралы қорытынды жасауға болады. Демек скриншот, электрондық хат, хабарламалар де юре жазбаша дәлелдемелерге жатады, мәселе тек жазбаша дәлелдеме түрлерін толықтыру қажеттілігінде.

Жоғарыда келтірген авторлардың ойларын талдай келе электрондық құжаттың жазбаша және заттық *аралас* дәлелдемеге жатады деген қорытындыға келеміз. Екеуіне де ортақ – іске қатысы бар ақпараттың

⁶³ Темиргалиева А.Т. Электронные документы как доказательства в суде // Юридическая научная сеть. Современное право: сборник онлайн-докладов.- 2013. <https://www.sovremennopravo.ru/>

⁶⁴ Вершинин А.П. электронный документ: правовая форма и доказательство в суде: учебно-практическое пособие.- М., 2000.

⁶⁵ Правопорядок: история, теория, практика. №2(13)/2017с 31-34.

⁶⁶ Боннер А.Т. Доказательственное значение информации, полученной из Интернета // Закон. -2007. - №12.

⁶⁷ Востриков И.Ю. Электронный документ как доказательство в гражданском процессе // Гражданское судопроизводство в изменяющейся России: материалы Междунар. науч-практ. конференции. - Саратов, 2007.

болуы, айырмашылығы – электрондық жеткізгіште орналасқан ақпараттың ерекше нысаны.

Іс жүргізу процесінде электрондық құжаттар жоғарыда айтып кеткендей әр түрлі нысанда берілуі мүмкін. Электрондық байланыс арқылы тәжірибеде жиі кездесетін электрондық хабарламалар болып табылады.

2003 жылғы 7 қаңтар N 370-II «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» ҚР Заңында электрондық құжатқа мынадай анықтама беріледі: «электрондық құжат – ақпарат электрондық-цифрлық нысанда ұсынылған және электрондық цифрлық қолтаңба(әрі қарай ЭЦҚ) арқылы куәландырылған құжат»⁶⁸.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. бұйрығының 2-тармағының 20) тармақшасына сәйкес «электрондық хабарлама» деп – ақпараттық жүйелер арасында ақпарат алмасуға арналған XML форматындағы электрондық құжат түсініледі⁶⁹.

Профессор Ф.Карагусов жоғарыда келтірілген заңнамалық ережедегі электрондық хабарлама анықтамасына сын білдірді⁷⁰. Оның пікірінше аталған анықтама 2 аспекті бойынша шектеулер қояды:

1) электронды хабарламаны электронды құжатқа теңейді, ал электрондық құжаттың анықтамасы бойынша ақпарат электрондық-цифрлік нысанда ұсынылған және ЭЦҚ арқылы куәландырылған болуы керек. Қаралып жатқан Бұйрыққа сәйкес электрондық хабарлама жеке және заңды тұлғалардың ЭЦҚ-дан бөлінбейді, бұл электрондық хабарламаны электрондық құжатпен теңестіруді орынсыз етеді.

2) мәтінді белгілеу тілі ретінде басқа тілдер бар (мысалы, JSON), ал бұл анықтама бойынша XML-ға ғана рұқсат етілген.

Жоғарыда келтірілген белгілерге байланысты, қарастырылып жатқан Бұйрықта бекітілген электрондық хабарлама тұжырымдамасы электрондық нысанда азаматтық-құқықтық келісім-шарттар жасасуда үлкен тәуекел тудыратындықтан, тиімді емес екендігі байқалады.

Шарттық міндеттемелерді рәсімдеуге қазіргі цифрлік технологияларды қолдану мүмкіндігі 2015 жылғы 24 қарашадан бастап № 419-V «ҚР-ның кейбір заңнамалық актілеріне ақпараттандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңның қабылдануына

⁶⁸ «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» ҚР-ның 2003 жылғы 7 қаңтар № 370-II Заңы

⁶⁹ «Электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерін интеграциялау қағидаларын бекіту туралы

ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің м.а. 2018 жылғы 29 наурыздағы № 123 бұйрығы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800016777> Қаралды 10.01.2020

⁷⁰ Zakon.kz сайты <https://www.zakon.kz/4940527-o-trebovaniyah-grazhdanskogo-kodeksa.html> Қаралды 10.01.2020

байланысты мүмкін болып отыр⁷¹. Аталған заңға сәйкес мәміленің жазбаша нысаны оның қағаз жүзінде де, электронды түрде де жасалғанын таниды (Азаматтық кодекстің 152-бабының 1-1 тармағы). Алайда мәміленің электронды нысанының анықтамасы белгіленбеген.

Профессор Ф.Карагусов өз еңбегінде арнайы заңнамалық нормаларды талдау нәтижесінде мәміленің электрондық нысанына анықтама береді: «электронды хабарламалармен немесе басқа құжаттармен (немесе басқа хабарламалармен) электронды байланыс құралдары арқылы (осы мәміле нысанына қойылатын талаптарды сақтамау негізінде оларды жарамсыз ету қауіпінсіз) осы қатынастарға үшінші тұлғалардың қатысуын болдырмайтын мәмілелер жасау мүмкіндігі»⁷².

Бұл анықтамадан мұндай қорытынды жасауға болады:

1) мәміле жасау нысаны электрондық хабарламалармен алмасу арқылы жүзеге асырылуы мүмкін,

2) электронды нысанда (ақпараттандыру, мұрағаттау, электрондық құжат айналымы туралы заңдарға сәйкес) ЭЦҚ-ны қолдану міндетті түрде талап етілмейді.

Іскерлік айналымда тараптар электрондық хабарлама алмасу мүмкіндігін шартта алдын ала көздеп, жауапты адамдардың реквизиттерін көрсетеді. Бұл кейін дау туындаған жағдайда сотта қарым-қатынастың орын алғандығын дәлелдеу үшін маңызды, бұл жағдайда электрондық хабарламаның көшірмесі тиісті түрде куәландырылуды талап етеді.

2.2. Электрондық құжаттарды процесуалдық рәсімдеу бойынша туындайтын мәселелер

Заң шығарушы электрондық ақпарат көздеріндегі құжаттарды дәлелдеме ретінде іс материалдарына қосу үшін қандай нысанда ұсыну керек екенін нақты бекітпейді. Электрондық ақпарат көздеріндегі құжаттарды тиісті түрде ұсыну және қолдану іс жүргізуде қазіргі күні туындап отырған үлкен мәселе. А.А.Ивлевтің айтуынша, интернет сайттағы парақшаны басып шығарып сотқа ұсынса, соттың оны құжат ретінде тануы

⁷¹ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпараттандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 24 қарашадағы № 419-V Заңы https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=32910969 Қаралды 03.02.2020

⁷² Zakon.kz сайты <https://www.zakon.kz/4940527-o-trebovaniyah-grazhdanskogo-kodeksa.html> Қаралды 03.02.2020

екі талай⁷³. Тараптардың шартында электрондық хат алмасу көзделсе, РФ заңнамасында көзделгендей электрондық хабарламалар сотта дәлелдемелік күшке ие болады. Құқықтық фикция электрондық мекен-жайдан хабарлама жіберу, кері дәлелденгенге дейін, хабарламаны адамның өзі жөнелтуді жасағанын куәландырады.

Сот тәжірибелерін талдай келе, электрондық құжаттардың түпнұсқалығын анықтау үшін тәжірибеде жиі қолданылатын екі тәсілді айтуға болады. Бірінші тәсіл, сот-техникалық сараптама жүргізу арқылы электрондық мекен-жайды тексеру негізінде маңызды хат, хабарлама, өзге де қызметтік ақпараттарды анықтау. Сарапшының қорытындысы сот үшін міндетті боп табылмаса да, істің мән-жайларын растау үшін маңызды.

Электрондық хабарламалардың түпнұсқалығын анықтаудың екінші жолы – электрондық хат алмасуды нотариалдық куәландыру. Алайда нотариус осы хат-хабарды жіберуші мен алушының жеке басын емес, құрылғы экранында көргенін ғана куәландырады. Сонымен қатар электрондық құжаттың нақтылығын анықтау әрдайым мүмкін бола бермейді, себебі интернет парақшаны өзгерту немесе жою қауіпі бар.

С.К.Идрышева 2019 жылы 17 қазанда авторлық құқықты қорғау туралы семинарда ұсынылған баяндамасында интернет желісінде авторлық құқықты бұзудың жиі орын алғандығын келтіреді: автор еңбегін рұқсатсыз интернетте орналастыру – жария ету; мүліктік пайда табу мақсатында жария ету; өзге автордың еңбегін өзінің атымен рұқсатсыз жария ету, т.б.⁷⁴. Құқықтық білімі жоқ авторлардың басым бөлігі интернет парақшаны, скриншотты куәландыру, интернет парақшаның көшірмесін жасау өтініштерімен нотариусқа жүгінеді. ҚР Нотариат туралы Заңының 99 бап 3, 4 тармағына сәйкес нотариус тараптар мен мүдделі адамдарға дәлелдемелерді қамтамасыз ету уақыты мен орны туралы хабарлауға міндетті, тек 1) кейінге қалдыруға болмайтын; 2) іске кейіннен кімнің қатысатынын анықтауға болмайтын жағдайларда ғана хабарламауға рұқсат етіледі. С.К.Идрышеваның пікірінше нотариустың тараптарды хабарландыру әрекеті міндетті емес, себебі:

1) интернет желісіндегі ақпараттық ресурста орналастырылған ақпарат санаулы секундта жойылуы мүмкін;

2) автор нотариусқа жүгінген кезде оның авторлық құқықтарын кімнің бұзғаны белгісіз, яғни білмеуі мүмкін⁷⁵.

⁷³Седельникова Д.В. Проблема применения электронного доказательства в гражданском и арбитражном процессах. Правопорядок: история, теория, практика №2 (13) 2017, с. 31-34

⁷⁴ Аманат коммерциялық емес ұйым сайты <http://kazamanat.kz/news/view-3159>

Қаралды 08.05.2020

⁷⁵ Сол жерде

Сондықтан құқық бұзушылықтың дәлелі ретінде оны белгілеу мақсатында дәлелдемелерді қамтамасыз етуді кейінге қалдыруға болмайды.

ҚР Нотариат туралы Заңының 98 бап 2 тармағына сай нотариус мүдделі тұлғаның өтініші бойынша соттың немесе басқа құзыретті органның қарауында жатқан іс бойынша дәлелдемелерді қамтамасыз етпейді. Ал 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап Ресей Федерациясында (әрі қарай РФ) (№ 457-ФЗ) азаматтық немесе әкімшілік іс бойынша сот процесі кезінде дәлелдемелерді қамтамасыз ету мүмкін болды⁷⁶. РФ Жоғарғы Сотының Пленумы өз қаулысында аталмыш өзгерістердің, яғни дәлелдемелерді қамтамасыз етуде нотариус рәсімнің маңыздылығын растады, ал ресейлік сот тәжірибесі осы құқықтарды қорғау институтының тиімділігін дәлелдеді⁷⁷.

С.К.Идрышева құқығы бұзылған авторға мынадай әрекеттер кезектілігін ұсынады:

1) нотариусқа белгілі бір интернет парақшада орналасқан құжаттарды қарап тексеру түріндегі дәлелдемелерді қамтамасыз ету туралы өтініш жазу;

2) нотариуспен дәлелдемелерді қамтамасыз етудің себептерін көрсету (мысалы, сайт жойылуы мүмкін, сайтта орналасқан ақпарат сотқа жүгінгенге дейін жойылуы мүмкін және т.б.)

3) веб-сайттың нақты мекенжайын немесе қажетті беттерге кіру кезектілігін көрсету;

4) онда орналасқан ақпарат туралы мәліметтерді көрсету⁷⁸.

Дәлелдемелерді бекіту үшін нотариус алдымен өтінім беруші көрсеткен сайтта автордың құқығын бұзатын ақпараттың шын мәнінде орналастырылғандығына көз жеткізуі тиіс.

Қарап тексеру хаттамасы дәлелдемелерді қамтамасыз етуді құжаттамалық растау болып табылады. Қарап тексеру хаттамасының мазмұнында: нотариаттық іс-әрекетті жүргізу орны мен күні; мүдделі тұлғалар туралы деректер; нотариус жасаған іс-әрекеттердің кезектілігі, оның ішінде қарап тексеру жүргізілген компьютерлік құрылғының сипаттамасы; тексерілген беттердің сипаттамасы (электрондық ресурстың атауы, ресурстағы ақпараттың мазмұны мен көлемі, автор және туындысы туралы мәліметтер, т.б. туралы деректер); дәлелдемелердің құрамы, оларды

⁷⁶ Федеральный закон от 29 декабря 2014 г. № 457-ФЗ “О внесении изменений в отдельные законодательные акты Российской Федерации” <https://www.garant.ru/products/ipo/prime/doc/70731092/> Қаралды 07.05.2020

⁷⁷ Постановление Пленума Верховного Суда РФ от 15.06.2010 N 16 «О практике применения судами Закона РФ «О средствах массовой информации».

⁷⁸ Аманат коммерциялық емес ұйымының сайты <http://kazamanat.kz/news/view-3159> Қаралды 08.05.2020

нотариустың бекіту тәсілдері (скриншот, фото, мәтінді көшіру, бейнежазба және т.б.); нотариаттық құжаттың өзге де міндетті деректемелері (нотариаттық жазба) көрсетіледі⁷⁹.

Сот тәжірибесінде интернет желісінде бұзылған авторлық құқықты және ар намысты қорғауға қатысты істер жиі қаралады. Бұл істер бойынша заңсыз(автордың рұқсатынсыз) өзге автордың еңбегін пайда табу мақсатында интернет парақшада орналастыру; өзге автордың еңбегін өзінікі деп жариялау; талапкер туралы жалған ар-намысқа нұқсан келтіретін ақпаратты орналастыру фактілері көп орын алады. Ал бұны сотқа дәлелдеме ретінде ұсыну үшін тараптар жиі скриншот жасап, қағазға басып дәлелдеме ретінде ұсынып жатады. Сотта судья және қарсы тарап мұндай дәлелдемелердің сенімділігіне күмән білдіріп, дәлелдеме ретінде қабылдамайды. Ал тараптың сол дәлелдемелерді қайтадан нотариуспен рәсімдеп ұсынуына заң мүмкіндік бермейді. Ал тиісті жазбалар интернет парақшада тез өзгертілу немесе жойылу қауіпін ескеретін болсақ, құқықтары бұзылған тараптың бірден уақытты жоғалтпай сотқа тиісті талаппен жүгінуін нотариалдық рәсімдеу тәртібінің біршама уақытты алатындығымен түсіндіруге болады.

Мысалы, 2016 жылы Астана қаласы Алматы аудандық сотында қаралған іс бойынша талапкер ар-намыс пен абыройын қорғау және моральдық зиянды өндіріп алу туралы талаппен сотқа жүгінеді. Қойылған талапты қуаттау үшін талапкер дәлелдеме ретінде ар намысына нұқсан келтірген интернет ресурстағы жазбаны скриншот жасап ұсынады, алайда жауапкер интернет желісінде жарияланған мақаланың мәтіні сақталмағандығын айтып, ұсынылған скриншот мазмұнының сенімділігіне күмән келтірді, скриншотты дәлелдеме ретінде қабылдамауды алға тартып, талапты мойындамады. Судья өз шешімінде АПК 68 бап 5тармақ 3) тармақшасына сілтеме жасап құжат төлнұсқасының мазмұнын басқа дәлелдемелердің көмегімен анықтау мүмкін болмаса, сот сонымен қатар құжаттың көшірмесімен немесе өзге де жазбаша дәлелдемелермен ғана расталатын мән-жайларды оның мазмұнын даулаған кезде дәлелденді деп есептей алмайды деп танып, талап арызды қанағаттандырмады⁸⁰. Ал сот процесі кезінде талапкерге осы дәлелдемелерді нотариуспен қамтамасыз ету мүмкіндігіне заң рұқсат бермейді.

Жоғарыда атап өткендей РФ Нотариат туралы заңы бұл мәселені тиімді шешті. Сондықтан біздің заңнамаға тиісті өзгертулер енгізілуі керек деп есептейміз.

⁷⁹ Сол жерде

⁸⁰ ИС BestProfі 04.12.2019. Дело № 2-16525/2015

Электрондық құжаттардың түпнұсқалығын анықтаудың өзге де тәсілдері бар. М.Д.Олегов электрондық почта арқылы алынған құжаттың растылығын анықтау үшін сот процесінде маманды қатыстыру арқылы хабарламаны алушының компьютерінен қарап зерттеуді ұсынады⁸¹.

Электрондық құжаттардың іс бойынша рұқсат етілген дәлелдемелер деп танылуы үшін олар белгілі бір шарттарға сәйкес келуі тиіс. М.В.Горелов электрондық дәлелдемелерге жол берудің мынадай шарттарын атайды⁸²:

- 1) көпшілікке түсінікті болуы;
- 2) авторын анықтау мүмкіндігінің болуы;
- 3) электрондық құжатты жасау, сақтау, байланыс арналары арқылы беру ерекшеліктеріне байланысты құжаттың тұтастығына кепілдік беретін шарттардың болуы;
- 4) электрондық құжаттың шынайылығына бақылау жүргізу мүмкіндігінің болуы тиіс.

Электрондық хат алмасу ЭЦҚ арқылы куәландырылмайтындықтан мәтінді жіберуші автордың жеке басын анықтау қиын, сондықтан оның шынайылығына қатысты оңай қарсылық айтуға болады.

Жіберілген электрондық хат(хабарлама) жіберілген компьютер жадында немесе пошта қызметінің серверінде сақталады (оларды нақты компьютерден немесе IP-мекен-жайдан жіберуі расталуы мүмкін)⁸³. Алайда, үшінші тұлғаның басқа біреудің компьютері арқылы қандай да бір хат, хабарлама жіберу мүмкіндігі туралы мәселе туындайды. Бұл жағдайда, шартта хат алмасу тараптардың деректемелерінде(реквизиты) көрсетілген электрондық мекенжайлардан ғана жүргізілуі тиіс деген фактіге нақты нұсқау қажет⁸⁴.

Тауар жеткізілімі шарты бойынша міндеттеменің орындалмауына қатысты істі қарастырсақ⁸⁵. Шартқа сай жауапкер өз міндетін орындағаны жөнінде дәлелдеме ретінде талапкермен алмасқан электрондық хабарламаны(жеткізілген тауардың тиісті сапаға сай еместігі жөнінде) ұсынады. Талап қоюшы іске электрондық хатты іс материалдарына қосуға

⁸¹Олегов М.Д. Письменные доказательства// Комментарий к Арбитражному процессуальному кодексу РФ/ под редакцией М.С. Шакарян. -М., 2013.

⁸²<http://femida-science.ru/index.php/home/vypusk-7/item/213-elektronnye-dokazatelstva-v-grazhdanskom-sudoproizvodstve> Қаралды 03.02.2020

⁸³Юрловская А.А. Электронные доказательства в гражданском судопроизводстве. <http://femida-science.ru/index.php/home/vypusk-7/item/213-elektronnye-dokazatelstva-v-grazhdanskom-sudoproizvodstve> Қаралды 02.02.2020

⁸⁴ Сол жерде

⁸⁵Седелникова Д.В. Проблема применения электронного доказательства в гражданском и арбитражном процессах. Правопорядок: история, теория, практика №2 (13) 2017, с. 31-34

қарсылық білдірді. Сот тараптардың арасында тауар жеткізілімі шарты электрондық хат алмасу арқылы жасалғандығын анықтады. Ұқсас тәртіпшен жауапкер талапкерге жарғыны, мемлекеттік тіркеу және салық есебіне қою куәлігін, алдын ала төлемге шот қойылғандығы жөнінде электрондық хабарлама жібереді. Талапкер жауап ретінде алдын ала төлемді аудару туралы төлем тапсырмаларын жіберіп, тауарларды қабылдауға дайын екендігін хабарлайды. Соттың пікірінше, бұл тәжірибе тараптардың электрондық почта арқылы алмасқан хаттарды уәкілетті тұлғаларынан бағытталған деп қабылдағандығын көрсетеді. Дәлелдемелерді бағалау кезінде сот талапкердің электрондық хат алмасудың орын алғандығын теріске шығаратын дәлелдеме ұсынбағандығын ескерді.

Мобильдік қосымша арқылы қызметкерге жіберілген кадрлық құжаттар дәлелдеме бола алмайды, себебі РФ Еңбек Кодексі мұндай құжаттардың жазбаша нысанын белгілейді⁸⁶. Стрежевский қалалық сотында қаралған іс бойынша қызметкер WhatsApp арқылы жұмыстан босату туралы өтініш жіберді, ал жұмыс беруші ұзақ ойланбастан жұмыстан босату туралы бұйрық шығарады. Кейіннен қызметкер жұмысқа қайта алу туралы талаппен сотқа жүгінеді. Сот шешімінде WhatsApp электрондық байланыс қосымшасы арқылы алынған жұмыстан босату туралы бұйрықтың көшірмесі қызметкердің өз қалауы бойынша жұмыс берушіге жұмыстан босату туралы өтінішінің және РФ Еңбек Кодексі 77 б.1 б. 3 т. бойынша жұмыстан босатуға ерікті ерік білдіруінің дәлелі бола алмайтынын атап өтті⁸⁷.

2.3. Электрондық құжаттарды процесуалдық рәсімдеудің шетелдік үздік тәжірибелері

Ресей сот тәжірибесінде скриншотты дәлелдеме ретінде тану жағдайларын келесі қаралған сот істері растайды: 20.06.2018 жылғы Ресей Федерациясының Жоғарғы соты № 5-АПГ18-44 апелляциялық анықтамасында тараптардың дәйегі «іс материалдарына ұсынылған сайт беттерінің скриншоттарымен расталатындығына» сілтеме жасады⁸⁸. Келесі

⁸⁶ Zakon.kz сайты https://online.zakon.kz/document/?doc_id=30396416 Қаралды: 02.02.2020

⁸⁷Решение Стрежевского городского суда Томской области по делу N 2-870/2016. <http://femida-science.ru/index.php/home/vypusk-7/item/213-elektronnye-dokazatelstva-v-grazhdanskom-sudoproizvodstve> Қаралды 02.02.2020

⁸⁸ Апелляционное определение Верховного Суда РФ от 20.06.2018 № 5- АПГ18-44 // Доступ из справ.-правовой системы «Гарант».

іс бойынша, Ресей Федерациясы Жоғарғы Соты 10.01.2018 жылғы № 5-AD17-109 қаулысында әкімшілік құқықбұзушылыққа қатысты қозғалған іс бойынша жауапкердің кінәсін сот «іс бойынша келесідей жиналған дәлелдермен расталады:... «Avito.ru» сайтындағы жарнаманың скриншоты» келтіріп, скриншотты дәлелдеме ретінде қабылдады⁸⁹.

Алайда интернет-сайттарда орналастырылған ақпаратты скриншот ретінде пайдалану үшін Ресей сот тәжірибесі келесідей критерийлердің болуын маңызды деп көрсетті, олар: скриншот жасалған уақыт, күні, сондай-ақ іске қатысатын тұлғаға, мысалы, ВКонтакте, Facebook, Одноклассники әлеуметтік желілердегі жазбаларға тиесілілігі көрсетілуі тиіс. Мысалы, Санкт-Петербург қаласы, Ленинград облысының Төрелік Соты 24.02.2009 жылы № А56-52099/2009 шешімінде жоғарыда аталған критерийлерді процестің тараптары сақтамағаны туралы атап өтіп, скриншотты дәлелдеме ретінде қабылдамады⁹⁰.

06.12.2010 жылы Солтүстік-Батыс округінің Төрелік соты қараған іс бойынша, ұйымдар арасында шарт жасалады, оның мәні бойынша тапсырыс берушінің сайты 6 ай ішінде Yandex іздеу жүйесіндегі сұраулар бойынша ТОП-10-ға шығару керек. Тапсырыс беруші Yandex іздеу жүйесіндегі сұраныстарды талдап, барлық позициялардың шығарылмайтынын анықтап, тапсырыс алушының өз міндеттерін дұрыс атқармағандығын келтіріп, сотқа жүгінді. Өз талабын дәйектеу үшін сотқа скриншоттарды ұсынды. Сот талапкер ұсынған суреттердің контрагенттің сайтты жылжыту бойынша міндеттемелерін тиісінше орындамағанын айғақтамайтынын көрсетті. Талапкер скриншоттардың жарнамаланатын сайтқа жататынын дәлелдей алмады. Сондай-ақ, келесідей ақпараттардың болмауы: скриншоттың жасалған күні мен нақты уақыты; суретті экранға шығарған және скриншотты басып шығарған тұлға туралы; бағдарламалық жасақтама және пайдаланылған компьютерлік техника туралы, мұндай дәлелдеменің іске жарамдылығын жоққа шығарды. Соттың пікірінше, тағы бір маңызды жағдай - іздеу жүйелеріндегі позиция әр секунд сайын өзгеріп отырады. Бұл дегеніміз, Интернеттегі сайттың жағдайын объективті бағалау үшін Тараптар арасындағы келісімнің бүкіл кезеңіндегі динамикасы туралы ақпарат болу қажет⁹¹.

Келесі іс бойынша корпоративтік ноу-хау туралы келісім бойынша ақпаратқа қол жеткізуге арналған шығыстарды растайтын құжаттардың болмауына байланысты салық инспекциясы компанияға табыс салығын

⁸⁹ Письмо ФНС от 31 марта 2016 г. № СА-4-7/5589 «О понятии «скриншот» (снимок экрана) и порядке использования» // Доступ из справ.- правовой системы «Гарант».

⁹⁰ Решение Арбитражного суда города Санкт-Петербург и Ленинградской области от 24.02.2009 № А56-52099/2009 // Доступ из справ.- правовой системы «Гарант».

⁹¹ Солтүстік-Батыс округінің ФАС 06.12.2010 ж. № А56-11028/2010 ж. қаулысы

қосып, жауапқа тартты. Алайда сот салық инспекциясының шешімін заңсыз деп анықтады. Өз шығындарын растау үшін компания скриншоттарды, келісімді, корпоративтік ақпаратқа қол жеткізу актілерін, инвойстар мен төлем тапсырмаларын, Heineken International B.V. компаниясының қорытындысын ұсынды. Бұл ақпарат Нидерланды заңнамасы бойынша ноу-хау болып табылады. Компания директоры ақпараттың электрондық пошта арқылы келіп түскендігі туралы және оны алуға құқығы бар адамдар тобының шектеулі екендігін келтірді. Сот ұйымның ақпаратты басып шығару мүмкіндігін болдырмайтын электронды түрде қол жетімді екенін және алынған ақпарат өнімнің сапасын жақсартқанын ескерді. Алынған ақпарат компанияға көрмелерде марапаттар алуға және қызметкерлер штатын қысқартуға көмектесті⁹².

Сотта ұсынылған цифрлік дәлелдемелердің түпнұсқалығын анықтауға қатысты «Best practices for authenticating digital evidence» кітабының авторлары Америкада сот талқылауына жиі ұсынылатын электрондық дәлелдемелердің түрлеріне: 1) электрондық пошта мәтіндері; 3) чаттағы мәтіндер; 4) веб-беттердегі жариялымдар; және 5) әлеуметтік желілердегі жариялымдар жатады⁹³. Федералды соттар электрондық дәлелдемелердің түпнұсқалығын анықтау үшін 2 ережені басшылыққа алады 901(a) ережесімен тараптан өз тұжырымын растау үшін жеткілікті рұқсат етілген дәлелдемелерді ұсынуды талап етеді; ал екінші 901(b) ережесінде түпнұсқалықты анықтау үшін дәлелдемелер стандартын қанағаттандыратын жанама дәлелдемелер арқылы, оның ішінде білімі бар куәгердің айғақтары, жанама өзге де дәлел, процесті немесе жүйені сипаттайтын дәлелдемелер⁹⁴.

Кітапта авторлар электрондық поштаға қатысты келесі жағдайды қарастырады: компанияның бөлім басшысы қатардағы қызметкерге дискриминациялық мәтінді құрайтын хабарламаны электрондық поштасы арқылы жібереді. Талапкер сотта дәлел ретінде электрондық поштаны ұсынған кезде қарсы тараптың қорғаушы адвокаты келесідей қарсылықтар білдіреді: 1) «жеткіліксіз негіз» деп электрондық поштаны енгізуге қарсылық білдіреді; 2) бұл электрондық поштадағы мәтінді, нақты бөлім басшысының жазғаны туралы ешқандай дәлел жоқ. Ол компанияның компьютерінен табылды, компанияның кез-келген қызметкері осы компьютерге қол жеткізе алды, ал менің клиентім күні бойы жұмыс

⁹² Постановление Верховного Суда РФ от 10.01.2018 No 5-АД17-109 // Доступ из справ.-правовой системы «Гарант».

⁹³ «Best practices for authenticating digital evidence» <https://coloradoipc.org/wp-content/uploads/2017/09/Best-Practices-for-Authenticating-Digital-Evidence-1.pdf>

Қаралды: 23.03.2021

⁹⁴ Сол жерде, 1 б.

үстелінде жиі отырмайды. Сонымен қатар, бәрі электрондық поштаны қалай оңай жалған жасау керектігін біледі; 3) «Судья, менің клиентім электрондық поштада көрсетілген күн мен уақытта басқа басшылармен және компания президентімен сауда кездесуінде болғанын бес куәгер куәландырады». Сонымен қатар кездесу кезінде компанияның смартфонды пайдалануға рұқсат етілмейтін саясатын келтіреді. Кездесу орны басқа қабатта болды. Ол электрондық поштаны жібермегенін және кеңсесінен шыққан кезде жүйеден шықпайтынын, оның компьютері қосылып тұратынын және кез-келген адам оған парольсіз кіріп, кеңседегі электрондық поштасын пайдалана алатындығын келтірді⁹⁵.

Жоғарыда келтірілген әр жағдайдың ерекшелігіне қатысты судья аталған екі ережені басшылыққа алуы тиіс, және дефакто электрондық поштадағы хабарлама дәлелдеме ретінде іске қатыстырылады, себебі оның орын алмағандығын ешкім жоққа шығармады, және мәселе мәтінді жазған авторды анықтау, бұл кезде оның процесуалдық рәсімделуіне ешқандай талап қойылмайды, оның жарамсыздығын процес барысында тараптардың қарсы келтірген дәлелдемелері (бәсекелес дәлелдемелер ұсынылады) негізінде бағалап шешім шығарады. Егер талапкердің дәлелдемелері жауапкердің дәлелдемелерімен салыстырғанда қабылданса, онда хабарлама авторы бөлім басшысы екендігі және ол кемсітушілік ниетпен жазылды деген шешімге келеді, немесе керісінше жағдайда жауапкердің дәлелдемелері қабылданса, онда бөлім басшысы кінәлі емес. Хабарламаның өзектілігі талапкердің немесе жауапкердің нұсқасы қабылданғанына байланысты. Әр тарап өз нұсқасын дәйектеп сотты немесе алқабилерді сендіре алуына байланысты шешім шығарылады.

Американың келесі федералдық соты веб-бетті басып шығаруға қатысты келесідей белгілердің болуы маңызды деп шешті: Конеллдің жылжымайтын мүлікке қатысты ісі бойынша сот скриншотқа қатысты: 1) веб-беттің басып шығару күні дәл көрсетілуі; 2) жарияланым пайда болған веб-сайттың жеке немесе заңды тұлғаға тиесілігі көрсетілуі; 3) веб-жарияланымның авторлығы осы жеке немесе заңды тұлғаға негізделгендігін көрсетілуі керек⁹⁶.

Сонымен қатар, басып шығарылған веб-сайттың түпнұсқалығын куәгерлер растай алады, олар ақпаратты қарап, басып шығарылғанын және басып шығарылған күні веб-сайтта қандай ақпарат орнатылғаны туралы нақты түсінік болғанын куәландыра алады⁹⁷. Мысалы, келесі іс бойынша сот скриншоттарды келесі сенімділік белгілері негізінде: 1) интернеттегі

⁹⁵ Сол жерде, 3-4 б.

⁹⁶ Сол жерде, 15 б.

⁹⁷ Сол жерде

Домен мекен-жайының көрсетілуі; 2) басып шығарған күн көрсетіліп, сот адвокаттың антымен қабылдауға болатынын шешті⁹⁸.

Интернет пайдаланушыларға веб-беттердің мұрағаттық көшірмелеріне қол жеткізуге мүмкіндік беретін веб-сайттың тағы бір мысалы www.viewcached.com, бұл пайдаланушыларға үш түрлі мұрағат қызметін—Wayback Machine, Google Cache және Coral Cache іздеу үшін бір интерфейсті пайдалануға мүмкіндік береді. Кейбір федералдық соттар осындай мұрағаттан алынған скриншоттарға сенімділік білдіреді⁹⁹.

Веб-беттің басылымдарын 901 ережеге сай дәлелдеме ретінде тану үшін келесідей сұрақтарға жауап беру қажет: сайтта қандай ақпарат орналастырылды? скриншот сайтта орналастырылған ақпаратты дәл көрсете ме? егер солай болса, бұл сайт иесіне қатысты ма?

Веб-беттегі ақпарат түпнұсқалығы, егер куә куәлік берсе немесе заңға немесе Ережеге сәйкес куәландырылса, жеткілікті түрде расталды деп есептеледі, егер: куәгер скриншотта көрсетілген интернет-мекенжайды көрсетілген күні және көрсетілген уақытта кіріп тексерсе; Веб-сайттың мазмұнымен танысса; скриншоттың бұрмаланбағандығына ант қабылдаса¹⁰⁰.

Ал Литваның апелляциялық соты «скриншот» арқылы ақпаратты бұрмалап, оңай алдауға болатынын, себебі онда метадеректер немесе басқа да жасырын деректер көрсетілмейтіндігін келтіріп, бұл сенімді электрондық дәлел болып табылмайтынын және сарапшының скриншот түпнұсқалығын тексеру үшін негіз емес деп компьютер экранының жылдам көшірмелері «скриншотты» сенімді емес деп шешті (27 Сәуір 2018 жыл, іс № 1). (e2a-226-516/2018)¹⁰¹.

«Метадеректер» басқаша айтқанда «цифрлік саусақ ізі» басқа деректер туралы деректерді білдіреді¹⁰². Ол файлды немесе құжатты жасау немесе өзгерту күні мен уақыты, немесе автор және деректерді жіберу күні мен уақыты сияқты маңызды дәлелдік деректерді қамтиды. Метадеректер әдетте тікелей қол жетімді емес. Олардың сотта маңызды дәлелдік құндылығы бар. Метадеректер релевант немесе жанама дәлел ретінде болуы мүмкін (мысалы құжаттың ең релевантты нұсқасын көрсету) немесе

⁹⁸ Сол жерде

⁹⁹ Сол жерде, 23 б.

¹⁰⁰ Сол жерде, 16 б.

¹⁰¹ Guidelines of the Committee of Ministers of the Council of Europe on electronic evidence in civil and administrative proceedings Explanatory Memorandum https://search.coe.int/cm/Pages/result_details.aspx?ObjectId=0900001680902e0e

Қаралды 05.02.2020

¹⁰² Сол жерде

ол өзі тікелей дәлел ретінде релевантты болуы мүмкін (мысалы, осы файлмен өзгертілген (манипуляцияланған) жағдайда.

Дәлелдемелерді қорғау үшін криптографияның көмегімен электрондық дәлелдердің жоғары сенімі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін дамушы технология мысалы «блок» болып табылады¹⁰³. Блоктың ерекшелігі сол бастапқы деректерді түрлендіруге мүмкіндік бермейді.

Қытайда 2018 жылы 28 маусымда Ханчжоу интернет-соты блок негізіндегі электрондық деректер сот дауларында дәлел ретінде пайдаланылуы мүмкін екенін растады¹⁰⁴. Мүдделер қактығысынсыз сенімді бөгде блокчейн-платформаны пайдалану зияткерлік меншікті бұзуды дәлелдеу үшін құқықтық негізді қамтамасыз етті.

Еуропа Кеңесінің Министрлер комитеті(әрі қарай -ЕКМК) 2019 жылғы 30 Қаңтарда Министрлер орынбасарларының 1335-ші отырысында халықаралық, еуропалық немесе ұлттық деңгейде электрондық дәлелдемелерге қолданылатын стандарттардың аз екендігі және заңнама мен тәжірибеде елеулі кемшіліктер орын алғандығы туралы өзекті мәселелер қарастырылды. Сонымен қатар, отырыста мүше мемлекеттердегі электрондық дәлелдемелерге қатысты іс жүргізу заңнамасындағы құқықтық мәселелер талқыланып, мүше мемлекеттердің үздік тәжірибелері келтіріліп, электрондық дәлелдемелерге қатысты нұсқаулықтар бекітілді¹⁰⁵.

ЕКМК-ның жетекші нұсқаулықтарының негізгі мақсаты міндетті құқықтық стандарттарды белгілеу емес, электрондық дәлелдемелерге байланысты туындайтын мәселелерді шешуде Еуропа Кеңесіне мүше мемлекеттер үшін тәжірибелік құрал ретінде қызмет етуден тұрады¹⁰⁶. Осыған байланысты басшылық нұсқаулықтар сот төрелігінің тиімділігі мен сапасын арттыруға бағытталған. Басшылық нұсқаулықтар ұлттық заңнамаға қайшы келмейтін шамада ғана қолданылуы тиіс және бұл басшылық нұсқаулықтардың міндетті күші жоқ екендігі нұсқаулықтың кіріспе бөлігінде көрсетілген. ЕКМК нұсқаулығы электрондық дәлелдемелерді сотта пайдалану, жинау, алып қою, ұсыну, сақтау, оның сенімділігіне қатысты мәселелерді қамтиды.

ЕКМК нұсқаулығы бойынша электрондық дәлелдемелерді жол берілетіндігін, қатыстылығы жарамдылығы бойынша бағалауда сарапшылардың рөлі маңызды(сарапшының қортындысы сот үшін міндетті болмаса да). Сонымен қатар, электрондық дәлелдемелерге қатысты соттар бейтараптылықты ұстануы керек, себебі олардың ерекше нысанына байланысты қабылданбауына және дәлелдемелердің басқа түрлерімен

¹⁰³ Сол жерде

¹⁰⁴ Сол жерде

¹⁰⁵ Сол жерде

¹⁰⁶ Сол жерде

салыстырғанда артықшылыққа жол берілмеуі тиіс. Іске қатысушы тараптар дәлелдемелердің түпнұсқалығына қатысты қарсылық келтіру мүмкіндігінен айырылмауы керек. Егер сотқа талапкер скриншот ұсынған жағдайда, қарсы тарап тиісті метадеректерді талап ету мүмкіндігінен айырылмауы тиіс.

2020 жылғы 30 қазанда Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына (әрі қарай – ШЫҰ) мүше мемлекеттердің Жоғарғы Сот төрағаларының XV кеңесі өткен болатын. Кеңес жұмысына Қазақстан, Үндістан, Қытай, Қырғызстан, Пәкістан, Ресей, Тәжікстан, Өзбекстан, Ауғанстан, Беларусь, Моңғолия мемлекеттерінің Жоғарғы Сот төрағалары қатысып, әлемдегі болып жатқан пандемияға байланысты сот жүйесінің цифрлануы, онлайн сотқа көшу жағдайларының маңыздылығы туралы өз баяндамаларында таныстырды.

ШЫҰ Бас хатшысы осы тұрғыда жеке адам құқықтарының конституциялық негіздерін және процестік мерзімдерді бұзбай және азаматтардың әділ сот талқылауы мен сот төрелігіне қол жеткізу құқықтарын шектемей, электрондық ортаға көшудің нормативтік және құқық қолдану тетіктерін әзірлеу қазіргі заманғы шындыққа сот ісін жүргізуде бірінші кезектегі міндетті мәселе болып табылатынын атап өтті. Соған байланысты ШЫҰ шеңберінде онлайн сот ісін жүргізу тақырыбына қатысты нормативтік-құқықтық актілер, анықтамалық, әдістемелік, ақпараттық-талдамалық, ғылыми және өзге де материалдармен өзара алмасуды ұсынды.¹⁰⁷ Бұл өз кезегінде тақырыптың өзектілігін тағы да дәлелдейді.

II ТАРАУ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ

Электрондық құжаттың ерекшелігіне байланысты сотта дәлелдеме ретінде ұсынған кезде олардың процесуалдық рәсімделуіне қатысты ережелердің болмауы; сот процесінде қаралып жатқан іс бойынша дәлелдемені нотариустың қамтамсыз етпеуі(заң талаптарына сай) тәжірибеде тараптардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіруге қатысты қиындықтар тудыратыны, соған байланысты Азаматтық процестік кодекс

¹⁰⁷[Генеральный секретарь ШОС В.Норов принял участие в XV Совещании председателей Верховных судов государств-членов Шанхайской организации сотрудничества](http://rus.sectsc.org/news/20201030/687140.html). URL: <http://rus.sectsc.org/news/20201030/687140.html> (08.11.2020).

пен Нотариат туралы заң тиісті реттеуді қажет ететінін сот тәжірибелері арқылы жоғарыда дәйектедік.

Бұл мәселеге қатысты зерттелген шет мемлекет тәжірибелері электрондық дәлелдемелерге қатысты нұсқаулықтар мен ережелерді басшылыққа алатынын келтірдік. Осыған байланысты азаматтық процестік кодекске нақты алгоритмдерді көрсету қажеттігі келтірілді. Бұл өз кезегінде Клиент құқықтарын қорғау үшін адвокаттар мен заңгерлерге де тиімді, себебі нақты процесуалдық рәсімдеудің нақты алгоритмі көзделген. Ал бұл өз кезегінде ел аумағындағы сот тәжірибесінің бірізді қалыптасуына кепілдік.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келе, цифрлік технологиялардың қарқынды дамуы қоғамдық қатынастардың күрделі өзгеруіне себеп болып, қоғам талаптары мен пандемияға байланысты әлемде орын алған жағдай сот қызметінде цифрлік технологиялардың үздік шешімдері қолданылу керектігін көрсетті. Бұл өз кезегінде сот қызметінде цифрлік технологияны қолданудың жалпы мақсаты, яғни сот төрелігінің сапасын, жариялылығын, сот билігінің ашықтығы мен қолжетімділігін; баршаның заң мен сот алдында теңдігін қамтамасыз ету; судьялардың тәуелсіздігіне қамтамасыз етудің бірден бір жолы екендігіне көз жеткіздік.

Электрондық соттың қалыптасуы, сот қызметін автоматтандыру «Цифрлік Қазақстан» бағдарламасы аясында жүзеге асырылды. Алайда жүргізілген жұмыстардың қаншалықты сапалы орындалып, аталған мақсаттарды толық қанағаттандырғаны туралы күмән келтіруге болатыны жоғарыда сотта өткен зерттеу тәжірибесінде жүргізілген бақылаулардан көз жеткіздік. Елдегі ақпараттық телекоммуникациялық инфраструктураның жағдайы, халықтың цифрлік сауаттылығының төмен деңгейі мемлекет тарапынан үлкен жұмыстардың жүргізілуін талап етеді.

Сот отырысына қатысуды қамтамасыз ететін техникалық байланыс құралдарын қолдану қағидалары мен оларға қойылатын талаптар туралы ереже толықтыруды қажет ететіндігін жоғарыда дәйектеген болатынбыз. Техникалық байланыс құралдарын пайдалану арқылы іске қатысу туралы тараптардың бірі өтініш білдірген кезде сот келесі жағдайларды: сотта қаралатын дау сотқа қатысушылардың жеке өмірін, отбасылық құпиясын қозғамайтындығы (екінші тараптың тиісті өтініші болған кезде); екіншіден, заңда тараптардың іске тікелей қатысуы талап етілетін істердің санатына жатқызылмайтындығы (бала асырап алу істері); тараптардың денсаулық жағдайын (мүгедектігін), өзге де дәлелді жағдайларды ескеру қажеттігін келтірдік.

Әлемдік тәжірибе салыстырмалы түрде алға жылжып, өзге өзекті мәселелерді талқылауда: биометриялық аутентификация, байланыстың тұрақсыздығына байланысты манипуляциялардың алдын алу, жасанды интеллект көмегімен шешімдер шығару, т.б.. Бұл бізге шетелдік тәжірибелерді зерттеп, олар жіберген қатені қайталамауға және үздік мысалдарды бізде қалыптасқан жағдай мен тәжірибенің ерекшелігіне қарай сыйымдылығын өлшеп, енгізуге мүмкіндік береді.

Электрондық құжаттың ерекшелігіне байланысты сотта дәлелдеме ретінде ұсынған кезде олардың процесуалдық рәсімделуіне қатысты ережелердің болмауы; сотта қаралып жатқан іс бойынша дәлелдемені нотариустың қамтамсыз етпеуі (заң талаптарына сай) тәжірибеде

тараптардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіруде қиындықтар туғызады. Азаматтық процестік кодекс пен Нотариат туралы заң тиісті реттеуді қажет ететінін сот тәжірибелері арқылы дәйектедік.

Бұл мәселеге қатысты зерттелген шет мемлекеттердің тәжірибелері электрондық дәлелдемелерге қатысты нұсқаулықтар мен ережелерді басшылыққа алатынын келтірдік. Бұл судья мен заңгерлерге, құқықтары бұзылған тараптарға таптырмас құрал. Бұл өз кезегінде сот тәжірибесінің бірізді қалыптасуына септігін тигізеді.

Жоғарыда көтерілген мәселелердің шешімі ретінде заң жобасы ұсынылады(Қосымша 1, 2).

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

А) Кітаптар:

- Боннер А.Т. Доказательственное значение информации, полученной из Интернета // Закон. -2007. - №12.
- Вершинин А.П. Электронный документ: правовая форма и доказательство в суде: учебно-практическое пособие. - Москва, 2000.
- Востриков И.Ю. Электронный документ как доказательство в гражданском процессе. - Саратов, 2007.
- Есжанов М. «Цифрлі сот жүйесі – рухани жанғыру аясында» (<https://egemen.kz/article/173084-tsifrlly-sot-dguyesi-%E2%80%93-rukhani-dganhgyru-ayasynda>). Қаралды: 13.11.2019.
- Информационные технологии в правосудии. Состояние и перспективы. Россия и мир. Аналитический доклад. - Москва 2020. - С.5.
- Масимов К.К. Следующий властелин мира. Искусственный интеллект / «ЛитРес: Самиздат». 2019. - С. 93-94.
- Олегов М.Д. Письменные доказательства// Комментарий к Арбитражному процессуальному кодексу РФ/ под редакции М.С. Шакарян. -Москва 2013.
- Решетняк В.И., Смагина Е.С. Информационные технологии в гражданском судопроизводстве (российский и зарубежный опыт): Учебное пособие. - М.: Издательский дом «Городец», 2017. - С.28.
- Следующий властелин мира. Искусственный интеллект / К.К. Масимов — «ЛитРес: Самиздат». 2019. - С. 93-94.
- Стюфеева И.В. Новый уровень правосудия // СПС «КонсультантПлюс» (<http://www.consultant.ru/>). Қаралды: 11.11.2019.
- Федосеева Н.Н. Электронное правосудие в России: сущность, проблемы, перспективы // Арбитражный и гражданский процесс. № 9. 2008. - С. 2–5.
- Юрловская А.А. Электронные доказательства в гражданском судопроизводстве // Фемида. Science. №33(7). (<http://femida-science.ru/index.php/home/vypusk-7/item/213-elektronnye-dokazatelstva-v-grazhdanskom-sudoproizvodstve>) Қаралды 02.02.2020

Ә) Мақалалар:

- Залаев Г.З. Анализ и классификация электронных документов // Вестник архивиста. № 2-3. 1999. - С. 60-68.
- Романенкова С.В. Понятие электронного правосудия, его генезис и внедрение в правоприменительную практику зарубежных стран // Арбитражный и гражданский процесс. № 4. 2013. - С. 26–31.

– Седельникова Д.В. Проблема применения электронного доказательства в гражданском и арбитражном процессах. Правопорядок: история, теория, практика №2 (13) 2017, - С. 31-34.

– Сборник материалов III Всероссийской научно-практической конференции с международным участием (г. Томск, 2007 г.)

– Темиргалиева А.Т. Электронные документы как доказательства в суде // Юридическая научная сеть. Современное право: сборник онлайн-докладов.- 2013. <https://www.sovremennoepravo.ru/>

Б) НҚА:

– Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V.

– «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпараттандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 24 қарашадағы № 419-V Заңы https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=32910969 Қаралды 03.02.2020

– «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» ҚР-ның 2003 жылғы 7 қаңтар № 370-II Заңы

– «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысы. (<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827>). Қаралды: 11.11.2019.

– «Электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерін интеграциялау қағидаларын бекіту туралы ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің м.а. 2018 жылғы 29 наурыздағы № 123 бұйрығы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800016777> Қаралды 10.01.2020

– ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің м.а. 2018 жылғы 29 наурыздағы № 123 бұйрығы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800016777> Қаралды 10.01.2020

– Сот отырысына қатысуды қамтамасыз ететін техникалық байланыс құралдарын қолдану қағидалары және оларға қойылатын талаптарды бекіту туралы ҚР Жоғарғы Соты аппараты басшысының 2019 жылғы 15 қазандағы № 7 бұйрығы

В) Сот шешімдері:

– Апелляционное определение Верховного Суда РФ от 20.06.2018 No 5- АПГ18-44 // Доступ из справ.-правовой системы «Гарант».

– ИС BestProfі 04.12.2019. Дело № 2-16525/2015

– Письмо ФНС от 31 марта 2016 г. № СА-4-7/5589 «О понятии «скриншот» (снимок экрана) и порядке использования» // Доступ из справ.-правовой системы «Гарант» <http://www.garant.ru>.

- Постановление Верховного Суда РФ от 10.01.2018 № 5-АД17-109 // Доступ из справ.-правовой системы «Гарант» <http://www.garant.ru>.
- Постановление Пленума Верховного Суда РФ от 15.06.2010 № 16 «О практике применения судами Закона РФ «О средствах массовой информации».
- Решение Арбитражного суда города Санкт-Петербург и Ленинградской области от 24.02.2009 № А56-52099/2009 // Доступ из справ.- правовой системы «Гарант» <http://www.garant.ru>.
- Решение Стрежевского городского суда Томской области по делу № 2-870/2016.
- Солтүстік-Батыс округінің ФАС 06.12.2010 ж. № А56-11028/2010 ж. қаулысы

Г) Интернет ресурстар:

- Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 2014 жыл
(http://www.akorda.kz/kz/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/memleket-basshysy-nursultan-nazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy)
- Федеральный закон от 29 декабря 2014 г. № 457-ФЗ “О внесении изменений в отдельные законодательные акты Российской Федерации” <https://www.garant.ru/products/ipo/prime/doc/70731092/> Қаралды 07.05.2020
- «Best practices for authenticating digital evidence» <https://colordoorpc.org/wp-content/uploads/2017/09/Best-Practices-for-Authenticating-Digital-Evidence-1.pdf> Қаралды: 23.03.2021
- Brave new world of China's digital courts, judges are AI and verdicts come via chat app // The Japan Times, 2019. URL: <https://www.japantimes.co.jp/news/2019/12/07/asia-pacific/crime-legal-asia-pacific/ai-judges-verdicts-via-chat-app-brave-new-world-chinas-digital-courts/#.Xkf97C1eNPt>
- China Daily. URL: <https://www.chinadaily.com.cn/a/201808/18/WS5b77c8f4a310add14f386801.html>
- China’s innovative Internet Courts and their use of blockchain backed evidence. URL: <https://conflictoflaws.net/2019/chinas-innovative-internet-courts-and-their-use-of-blockchain-backed-evidence/>
- Guidelines of the Committee of Ministers of the Council of Europe on electronic evidence in civil and administrative proceedings Explanatory Memorandum

https://search.coe.int/cm/Pages/result_details.aspx?ObjectId=0900001680902e0e
Қаралды 05.02.2020

– Online Courtroom for Registered Users (eCourtroom) // Federal court of Australia. URL: <http://www.fedcourt.gov.au/online-services/ecourtroom>

– Ontario Courts Finally Go Digital (Almost) // Slaw, 2019. URL: <http://www.slaw.ca/2019/02/03/ontario-courts-final-ly-go-digital-almost>

– The Cheque Is in the Tweet: Sending and Receiving Money on Your Smartphone is Getting Easier // <http://www.economist.com/finance-and-economics/2014/11/20the-cheque-is-in-the-tweet>. 10.01.2020.

– «Remote Courts World- wide» жобасының ресми сайты. URL: <https://remotecourts.org>

– What we can learn from Asia’s courts of the future // World Economic Forum. URL: <https://www.weforum.org/agenda/2018/11/what-we-can-learn-from-asia-s-courts-of-the-future>

– Выступление президента Н.Назарбаева на VI съезде судей РК (2013)

(http://www.akorda.kz/ru/special/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/vystuplenie-prezidenta-kazahstana-nursultana-nazarbaeva-na-vi-sезде-sudei-respubliki-kazahstan). Қаралды: 12.11.2019.

– Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының сайты// <http://sud.gov.kz> (Басты бет «Баспасөз орталығы» Жаналықтар) (<http://sud.gov.kz/kaz/news/bugin-okk-de-sottardagy-zhana-akparattyk-tehnologiyalar-zhne-sot-procesine-katysushylar>) Қаралды: 11.11.2019.

– Аманат коммерциялық емес ұйымының сайты <http://kazamanat.kz/news/view-3159> Қаралды 08.05.2020

– Электронный документ и его законодательное регулирование в странах СНГ <https://articlekz.com/article/7058> Қаралды 01.02.2020

– Закон.kz сайты https://online.zakon.kz/document/?doc_id=30396416 Қаралды: 02.02.2020

– Справочник от Автор 24 сайты https://spravochnik.ru/informacionnye_tehnologii/cifrovye_tehnologii/ Қаралды 22.03.2021 ж.

– [japantimes.co сайты](https://www.japantimes.co.jp/news/2019/12/07/asia-pacific/crime-legal-asia-pacific/ai-judges-verdicts-via-chat-app-brave-new-world-chinas-digital-courts/#.Xkf97C1eNPt) <https://www.japantimes.co.jp/news/2019/12/07/asia-pacific/crime-legal-asia-pacific/ai-judges-verdicts-via-chat-app-brave-new-world-chinas-digital-courts/#.Xkf97C1eNPt>

– Закон.kz сайты <https://www.zakon.kz/4940527-o-trebovaniyah-grazhdanskogo-kodeksa.html> Қаралды 10.01.2020

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЗАҢЫ**

**Қазақстан Республикасының
кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық процесте техникалық
байланыс құралдарын қолдану және жазбаша дәлелдемелер мен
оларды қамтамасыз ету
мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар
енгізу туралы**

1-бап. Қазақстан Республикасының келесі заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне:

1) 69 - баптың 3 - тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«Сотта іс қозғалғанға дейін және сотта қаралып жатқан істер бойынша дәлелдемелерді қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының нотариат туралы заңнамасында көзделген тәртіппен жүргізіледі.».

2) 100-баптың 1- тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«Іс үшін маңызы бар мән-жайлар туралы мәліметтерді қамтитын актілер, құжаттар, іскерлік немесе жеке сипаттағы хаттар, жазбаша мәтінді қамтитын электрондық, цифрлік өзге де материалдық жеткізгіштегі дәлелдемелер (электрондық хабарлама, веб-беттер, скриншот, төлем тапсырмасы т.б.) жазбаша дәлелдемелер болып табылады.

3) 100- бап 5- тармағы мынадай мазмұндағы 5.1., 5.2. тармақшалармен толықтырылсын:

5.1. Жазбаша мәтінді қамтитын электрондық, цифрлік өзге де материалдық жеткізгіштегі дәлелдемелерді қағаз бетіне басып ұсынылған кезде келесі маңызды реквизиттер көрсетілуі керек:

1) егер, веб-сайтта орналасқан ақпарат болса, оның нақты мекенжайы немесе қажетті беттерге кіру кезектілігі;

2) орналасқан ақпарат (негізгі мәтін);

3) басып шығару жасалған күн мен нақты уақыты;

4) басып шығарған тұлға туралы;

5) мәтін орналастырылған электрондық, цифрлік өзге де материалдық жеткізгіш (бағдарламалық жасақтама, компьютерлік техника) туралы мәлімет.

5.2. Сот қажет жағдайда мұндай дәлелдемелердің нотариалдық қамтамасыз етілуін талап ете алады.

4) 133-1 бап 2 тармағы 2.1. тармақшамен толықтырылсын:

2.1. Сот тараптардың пікірін ескерген кезде келесі жағдайларға мән береді:

1) егер іске қатысушы тараптың біреуі бейнеконференцбайланысты пайдалану туралы өтініш білдірсе, ал екінші тарап жеке, отбасылық, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпиясын қозғайтындығын мәлімдеп өтініш білдірсе, оның іске қатысуға байланысты шығыстарын өзіне қабылдайтынын мәлімдеген бірінші тараптың өтінішін қанағаттандырмауға құқылы.

2) егер іске қатысушы тараптың біреуі бейнеконференцбайланысты пайдалану туралы өтініш білдірсе, ал екінші тарап мүмкіндігі жоқ екенін

мәлімдесе оның іске қатысуға байланысты шығыстарын өзіне қабылдайтынын мәлімдеген бірінші тараптың өтінішін қанағаттандыруға құқылы.

3) егер іске қатысушы тараптың біреуі денсаулық жағдайына байланысты немесе өзге де дәлелді себептерге байланысты іске бейнеконференцбайланыс арқылы қатысу туралы өтініш білдірсе, ал екінші тарап қарсы болып, оның іске қатысуға байланысты шығыстарын өзіне қабылдайтынын мәлімдесе сот екінші тараптың өтінішін қанағаттандырмауға құқылы;

2. 1997 жылғы 14шілдедегі Қазақстан Республикасының Нотариат туралы Заңына:

1) 98-бап 2 тармақ алып тасталсын:

«Нотариус мүдделі тұлғалар өзіне өтініш жасаған кезде соттың немесе басқа құзыретті органның қарауында жатқан іс бойынша дәлелдемелерді қамтамасыз етпейді.».

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Президенті**

ҚОСЫМША 2

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық процесте техникалық байланыс құралдарын қолдану және жазбаша дәлелдемелер мен оларды қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына салыстырмалы кесте

P/ с №	Құрылымдық бөліктері	Қолданыстағы редакция	Ұсынылып отырған редакция	Негіздеме
1. 2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексіне				
1	69-бап. 3 тармақ	3. Сотта іс қозғалғанға дейін дәлелдемелерді қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының нотариат туралы заңнамасында көзделген тәртіппен жүргізіледі.	3. Сотта іс қозғалғанға дейін және сотта қаралып жатқан істер бойынша дәлелдемелерді қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының нотариат туралы заңнамасында көзделген тәртіппен жүргізіледі.	Интернет желісінде құқығы бұзылған, құқықтық білімі жоқ авторлар көпжағдайда интернетте орналасқан ақпараттың тез жойылып, өзгертілу қауіпін ескеріп, экран бетін жай ғана басып шығарып, дәлелдеме ретінде сотқа ұсынып жатады. Алайда сот мұндай дәлелдемелерді қабылдамайды, не

Р/с №	Құрылымдық бөліктері	Қолданыстағы редакция	Ұсынылып отырған редакция	Негіздеме
				жеткіліксіз деп таниды. Қалыптасқан тәжірибе бойынша сот скриншотта веб-беттің басып шығарылған орны мен күні; мүдделі тұлғалар туралы деректер; жасаған іс-әрекеттердің кезектілігі, оның ішінде қарап тексеру жүргізілген компьютерлік құрылғының сипаттамасы; тексерілген беттердің сипаттамасы (электрондық ресурстың атауы, ресурстағы ақпараттың мазмұны мен көлемі, автор және туындысы туралы

Р/ с №	Құрылы мдық бөліктер і	Қолданыстағы редакция	Ұсынылып отырған редакция	Негіздеме
				<p>мәліметтер, т.б. туралы деректер); дәлелдемелердің құрамы, оларды бекіту тәсілдері (скриншот, фото, мәтінді көшіру, бейнежазба және т.б.) туралы реквизиттердің болуын талап етеді. Ал тараптың нотариусқа дәлелдемелерді қамтамасыз ету үшін жүгінуіне қолданыстағы норма мүмкіндік бермейді.</p> <p>Дәлелдемелердің тез жойылу қауіпін ескерсек, бұл мәселе кезек күттірмей шешілуі тиіс.</p>

Р/с №	Құрылымдық бөліктері	Қолданыстағы редакция	Ұсынылып отырған редакция	Негіздеме
1.	100 бап 1 тармақ	1. Іс үшін маңызы бар мән-жайлар туралы мәліметтерді қамтитын актілер, құжаттар, іскерлік немесе жеке сипаттағы хаттар жазбаша дәлелдемелер болып табылады.	1. Іс үшін маңызы бар мән-жайлар туралы мәліметтерді қамтитын актілер, құжаттар, іскерлік немесе жеке сипаттағы хаттар, жазбаша мәтінді қамтитын электрондық, цифрлік өзге де материалдық жеткізгіштегі дәлелдемелер (электрондық хабарлама, веб-беттер, скриншот, төлем тапсырмасы т.б.) жазбаша дәлелдемелер болып табылады.	АПК 100 бап 5 тармағында жазбаша дәлелдемені ұсыну мүмкін болмаған кезде сақталатын жерінде қарап тексеру жүргізілетіні келтіріледі. Әдетте құжаттар, хат хабарламалар компьютер не телефон арқылы жасалып жіберілетінін ескерсек, олар осы құрылғыларда сақталатынын туралы қорытынды жасауға болады. Демек скриншот, электрондық хат, хабарламалар де юре жазбаша дәлелдемелерге жатады, мәселе тек жазбаша дәлелдеме

Р/с №	Құрылымдық бөліктері	Қолданыстағы редакция	Ұсынылып отырған редакция	Негіздеме
				түрлерін толықтыру қажеттілігінде.
2.	100 бап 5 тармақ	5. Жазбаша дәлелдемелер, әдетте, төлнұсқада ұсынылады. Егер құжаттың көшірмесі ұсынылған болса, сот қажет болған жағдайда, сондай-ақ осы Кодекстің <u>68-бабының</u> бесінші бөлігіне сәйкес төлнұсқаны ұсынуды талап етуге құқылы. Жазбаша дәлелдеменің	5.1. Жазбаша мәтінді қамтитын электрондық, цифрлік өзге де материалдық жеткізгіштегі дәлелдемелерді қағаз бетіне басып ұсынылған кезде келесі маңызды реквизиттер көрсетілуі керек: 1) егер, веб-сайтта орналасқан ақпарат болса, оның нақты мекенжайы немесе қажетті беттерге кіру кезектілігі; 2) орналасқан ақпарат (негізгі мәтін); 3) басып шығару жасалған күн мен нақты уақыты; 4) басып шығарған тұлға туралы; 5) мәтін орналастырылған электрондық, цифрлік өзге де материалдық жеткізгіш	Сотта интернет желісінде бұзылған авторлық құқықты және ар намысты қорғауға қатысты істер жиі қаралады. Бұл істер бойынша заңсыз(автордың рұқсатынсыз) өзге автордың еңбегін пайда табу мақсатында интернет парақшада орналастыру; өзге автордың еңбегін өзінікі деп жариялау; талапкер туралы жалған ар-намысқа нұқсан келтіретін ақпаратты орналастыру фактілері

Р/с №	Құрылымдық бөліктері	Қолданыстағы редакция	Ұсынылып отырған редакция	Негіздеме
		<p>төлнұсқасын сотқа ұсыну қиын болған кезде сот осы құжаттың тиісті түрде куәландырылған көшірмелері мен үзінділерін ұсынуды талап етуі немесе басқа да жазбаша дәлелдемелерді олардың сақталатын жерінде қарап-тексеру мен зерттеу жүргізуі мүмкін.</p>	<p>(бағдарламалық жасақтама, компьютерлік техника) туралы мәлімет.</p> <p>5.2. Сот қажет жағдайда мұндай дәлелдемелердің нотариалдық қамтамасыз етілуін талап ете алады.</p>	<p>көп орын алады. Ал мұндай заңсыз ақпарат сотқа дәлелдеме ретінде ұсыну үшін тараптар жиі скриншот жасап, қағазға басып дәлелдеме ретінде ұсынып жатады.</p> <p>Алайда сотта судья және қарсы тарап мұндай дәлелдемелердің сенімділігіне күмән білдіріп, дәлелдеме ретінде қабылдамайды. Тиісті жазбалар интернет парақшада тез өзгертілу немесе жойылу қауіпін ескеретін болсақ, сонымен қатар көптеген құқықтық білімі жок құқығы бұзылған тараптар бірден уақытты</p>

Р/с №	Құрылымдық бөліктері	Қолданыстағы редакция	Ұсынылып отырған редакция	Негіздеме
				<p>жоғалтпай сотқа тиісті талаппен жүгініп жатады.</p> <p>Бұл өз кезегінде адвокаттар мен заңгерлерге де тиімді. Клиент құқықтарын қорғау үшін нақты алгоритм көзделген. Ал бұл өз кезегінде ел аумағындағы сот тәжірибесінің бірізді қалыптасуына кепілдік.</p>
3.	11-1 тарау. 133-1 бап. 2 тармақ	2. Сот тараптардың пікірін және процесті жүргізудің техникалық мүмкіндіктерін ескере отырып, сот ісін жүргізу форматын өзгерте алады, бұл	2.1. Сот тараптардың пікірін ескерген кезде келесі жағдайларға мән береді: 1) егер іске қатысушы тараптың біреуі бейнеконференцбайланысты пайдалану туралы өтініш білдірсе, ал екінші тарап жеке, отбасылық,	Заңшығарушы судьяның тараптардың пікірін қалай ескеретіндігін ашып жазбаған, бұл бейнеконференцбайланысты қолдану соттың

Р/с №	Құрылымдық бөліктері	Қолданыстағы редакция	Ұсынылып отырған редакция	Негіздеме
		туралы уәжді ұйғарым шығарады.	<p>коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпиясын қозғайтындығын мәлімдеп өтініш білдірсе, оның іске қатысуға байланысты шығыстарын өзіне қабылдайтынын мәлімдеген бірінші тараптың өтінішін қанағаттандырмауға құқылы.</p> <p>2) егер іске қатысушы тараптың біреуі бейнеконференцбайланысты пайдалану туралы өтініш білдірсе, ал екінші тарап мүмкіндігі жоқ екенін мәлімдесе оның іске қатысуға байланысты шығыстарын өзіне қабылдайтынын мәлімдеген бірінші тараптың өтінішін қанағаттандыруға құқылы.</p> <p>3) егер іске қатысушы тараптың біреуі денсаулық жағдайына байланысты немесе өзге де дәлелді себептерге байланысты іске</p>	<p>субъективті қалауына байланысты деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. (яғни, бұл судьяның міндеті емес, құқығы);</p> <p>Бейнеконференцбайланыс жүйелерін пайдалану арқылы іске қатысу Ережеге сай тек жабық сот отырыстарында жүргізіледі. Алайда бұл АПК да ашық келтірілмеген.</p> <p>Сонымен қатар, елдегі нашар инфрақұрылым, сапалы интернетке қолжетіспеушілікті ескерсек, тараптардың бірінің екінші тараптың техникалық байланыс</p>

Р/с №	Құрылымдық бөліктері	Қолданыстағы редакция	Ұсынылып отырған редакция	Негіздеме
			<p>бейнеконференцбайланыс арқылы қатысу туралы өтініш білдірсе, ал екінші тарап қарсы болып, оның іске қатысуға байланысты шығыстарын өзіне қабылдайтынын мәлімдесе сот екінші тараптың өтінішін қанағаттандырмауға құқылы;</p>	<p>мүмкіндіктерін қамтамасыз ету туралы өтініші сот шығыстарын(уақыт, қаражат, т.б.) қысқартады және техникалық мүмкіндіктің болмауына, байланыстың тұрақсыздығына қатысты манипуляция жасау арқылы сот процесін жасанды созу, кейінге қалдыруды алдын алады.</p> <p>Сонымен қатар конституциямен бекітілген заң мен сот алдындағы теңдік пен әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы заңға қайшы келмейтін барлық</p>

Р/ с №	Құрылы мдық бөліктер і	Қолданыстағы редакция	Ұсынылып отырған редакция	Негіздеме
				<p>тәсілдермен қорғалуына құқығы барын ескеріп, мүгедек адамдардың да сотқа қашықтықтан қатысу мүмкіндігін қамтамасыз ету керек.</p> <p>Сондықтан тараптар өтініш білдірген кезде сот келесідей жағдайларды ескеруі қажет: алдымен сотта қаралатын дау сотқа қатысушылардың жеке өмірін, отбасылық құпиясын қозғамайтындығы(екінші тараптың тиісті өтініші болған кезде); екіншіден, заңда тараптардың іске тікелей қатысуы талап етілетін істердің</p>

Р/с №	Құрылымдық бөліктері	Қолданыстағы редакция	Ұсынылып отырған редакция	Негіздеме
				санатына жатқызылмайтындығы(бала асырап алу істері); тараптардың денсаулық жағдайын (мүгедектігін), өзге де дәлелді жағдайларды ескеру қажет.
2. 1997 жылғы 14шілдедегі ҚР Нотариат туралы Заңы				
4.	98-бап 2 тармақ	2. Нотариус мүдделі тұлғалар өзіне өтініш жасаған кезде соттың немесе басқа құзыретті органның қарауында жатқан іс бойынша дәлелдемелерді қамтамасыз етпейді.	2. Алынып тасталды.	Құқықтық білімі жоқ авторлар көпжағдайда экран бетін жай ғана басып шығарып сотқа жүгініп жатады. Алайда сот мұндай дәлелдемелерді қабылдамайды, қалыптасқан тәжірибе бойынша скриншотта веб беттің басып

Р/ с №	Құрылы мдық бөліктер і	Қолданыстағы редакция	Ұсынылып отырған редакция	Негіздеме
				шығарылған орны мен күні; мүдделі тұлғалар туралы деректер; жасаған іс-әрекеттердің кезектілігі, оның ішінде қарап тексеру жүргізілген компьютерлік құрылғының сипаттамасы; тексерілген беттердің сипаттамасы (электрондық ресурстың атауы, ресурстағы ақпараттың мазмұны мен көлемі, автор және туындысы туралы мәліметтер, т.б. туралы деректер); дәлелдемелердің құрамы, оларды бекіту

Р/ с №	Құрылымдық бөліктері	Қолданыстағы редакция	Ұсынылып отырған редакция	Негіздеме
				<p>тәсілдері (скриншот, фото, мәтінді көшіру, бейнежазба және т.б.) туралы ақпараттар қамтылуы тиіс.</p> <p>Қолданыстағы норма нотариустың сот процесінде қаралып жатқан іс бойынша дәлелдемелерді қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді. Жойылып кету қауіпі бар дәлелдемелерді ескерсек, бұл мәселе кезек күттірмей шешілуі тиіс.</p>

Қазақстан Республикасы